



Құрметті студенттер, қадірлі әріптестер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күні - Ата Заңымыздың 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл - еліміздің даму жолындағы ұлы жетістіктер мен маңызды белестерге толы тарихи кезең.

Ата Заңымыздың әрбір бабы - азат еліміздің асқақ арманы мен кемел болашағының айнасы.

Конституция - әр қазақстандықтың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын басты құжат. Тек оны құрметтеп, соған сүйене отырып еңбектенгенде ғана еліміз дамып, келешегіміз жарқын болмақ.

Біздің университет осы жолда өз үлесін қосып келеді. Басты міндетіміз - білімді, отаншыл, жауапкершілігі жоғары жас ұрпақты тәрбиелеу.

Баршаңызды осы тарихи мерекемен құттықтай отырып, еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, Отанымызға бейбітшілік пен гүлдену тілеймін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

Н.Х. СЕРҒАЛИЕВ,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің басқарма төрағасы - ректор, б.ғ.к., профессор



Дала ойшылы Абай қарасөздерінің философиялық-танымдық астарына бойласақ...



■ Абай - 180 жыл

АБАЙ МҰРАСЫ – ТАҒЫЛЫМДЫ ПАРАСАТ КӨЗІ

Осы жылғы тамыз айының 8-інде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Бас ғимараты алдында Абай ескерткіші жанында уақыт пен рух үндескен тағылымды сәт орын алды. Зиялы қауым мен студент жастар «Абай мұрасы – адамзаттық құндылықтар өзегі» атты парасат сұхбаты жиынында бас қосты. Шара мақсаты – Абай сынды Ұлы Дала ойшылының рухани мұрасы арқылы адамзаттық құндылықтарға бойлау, бүгінгі адами ұлттық құндылықтар туралы ойлау, тереңінен толғау.



Хакімнің өнегелі жолын дәріптеген тәлімді басқосудың тізгінін ұстап, өрелі сөзбен өрнектеген модератор - жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі **Мирас Қобыланды** болды. Парасат сұхбатының шымылдығын университетіміздің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор **Қайсағалиева Гүлжахан Смаилқызы** ашып, Махамбет университеті студенттерін ертеңгі кәсіби маман тұрғысында баулуда Дала данышпаны Абайдың рухани мұрасының адамзаттық



құндылық ретінде алар маңыз-мәніне назар аударта алды. Қоғамдық даму департаментінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы** Абайды елдік мұраттың айнымас темірқазығына теңеп, ұлы ақынның ой-тұжырымдары бүгінгі Қазақстанның рухани тірегіне айналғанын баса атап, ақын мұрасын ұлттық байлықпен теңестірді. Ал Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін ұлттық құндылықтар айнасы тұрғысында бағалап, әр қазақтың ішкі жан дүниесін тәрбиелейтін құдіретті құралға балады. Абайдың

рухани мұрасын тану нәтижесінде қазақ халқының мәртебесі жоғары, ұрпағы бағалы боларына тоқталды.

Абай мұрасын дәріптеген жиын барысындағы сериалды ғылыми-тағылымдық ойлар ақын өлеңдері мен әндеріне ұласты. Өз кезегінде филология факультетінің IV курс **Ғайса Жасмин Асылбекқызы** ғұлама данышпанның «*Ғылым таппай мақтанба*» өлеңін тереңнен толғата келе, жас ұрпақты білімге, ілімге шақырған Абай үнін жаңғыртты. Ал филология факультетінің

II курс магистранты **Мұхадес Айсәуле Болатжанқызы** «*Өкінішті көп өмір кеткен өтіп*» өлеңін ерекше толғата оқып, тыңдаушы жұртшылықтың ізгі ықыласына бөленіп, Абай ақылманның өлең философиясын жеріне жеткізе шебер айта білді. БҚО филармониясының әншісі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері **Хайырханов Айбар Асқарұлы** композитор, сазгер Абайдың «*Көзімнің қарасы*», «*Қараңғы түнде тау қалғып*» сынды таңғажайып жауһар әндерін жүрек қылын шертер әсем нақышпен орындады. Қысқасы, парасат сұхбатында бас қосылған осы сәт - өнер мен ойдың тоғысқан тұсы ретінде өріліп, ән мен жырдан төгілген әуез алаңды тербетіп қана қоймай, жүректерге ізгілік ұялатты.

Шара тұжырымындағы профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы түйін сөзінде «**Абайдың рухани мұрасы – тұлғаны түзетудің, тұлғаны түлетудің тұғыры**» тұрғысында ой қорытылды. Бұл күні университет кітапханасы жасақтап ұсынған «Абай – жаңа Қазақстан бренді» атты көрме көпшілікке толағай ой салғанына дау жоқ. Кітапханашы **Көбеева Жанар Бекболатқызы** көрмеге келушілерге бүгінгі абайтану және Абай мұрасы тура ұтымды жеткізе білді. Абайдың туындылары мен абайтану саласындағы зерттеулерден жинақталған көрме қазақ руханиятының алтын қорын паш еткендей...

Түйе айтсақ, бұл жай ғана мәдени шара емес, ұлттың болашағына жол нұсқаған рухани сабақ болды. Уақыт өзгерсе де, заман түрленсе де, Абай сөзінің ескірмейтінінің күесі болдық. Абайдың рухани мұрасы - бүгінгі ұрпаққа темірқазық, ертеңгі күнге бағдар, адамзаттық құндылықтардың өзегі. Абайды оқу – өзіңді тану. Абайды тану – елді тану. Ал Абайды дәріптеу – ұлтты биіктету.

Дильназ МАХУТОВА,
Қоғамдық даму департаментінің
ғылыми қызметкері

ЕГДЕ ЖАСТАҒЫЛАРҒА АРНАЛҒАН КУРС СӘТТІ ӨТТІ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті жанындағы «Күміс университеті» бағдарламасы аясында егде жастағы азаматтарға арналған оқу курстары жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Жуырда өткен «Сапалы ұзақ өмір сүру стратегиясы» атты курс өз жұмысын табысты аяқтады. Курсты педагогика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Г.А. Ерғалиева және аға оқытушы, магистр Н.Е. Мұқанова жүргізді.

Бағдарлама егде жастағы азаматтардың өмір сапасын жақсартуға, олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға, физикалық және психологиялық әл-ауқатын қолдауға бағытталды. Курс аясында төмендегідей маңызды тақырыптар қамтылды:

- дене және арт-терапия;
- МАК-карталармен жұмыс жасау;
- семинар-тренингтер;
- «12 тәртіп» тақырыбындағы вебинар;
- музыка терапиясы.

Тыңдаушылар курс барысында пайдалы ақпарат алып, тәжірибелік тапсырмалар арқылы жаңа дағдыларды меңгерді. Оқу соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

Айта кету керек, «Күміс университеті» бағдарламасы егде жастағы тұрғындардың белсенді қартаюына, қоғаммен тығыз байланыста болуына және өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды әлеуметтік жоба болып табылады.



Абайдың қарасөз жанрындағы философиялық толғаулары - өмірге өзінше қарау, адамның тіршіліктегі позициясын айқындау. Абайдың ойлы поэзиясы - этикалық бағдар мен тағылым биігі. Абайға керегі - адам, адамның рухани болмысы мен адамгершілік нысанасы. Кемеңгер Абайдың поэтикасы адаммен қауышу, адам мен адамның жүрек жалғастырған татулығын арттыру. Абай халқын оянуға, жан тірлігіне, қалғымайтын намысқа, үздіксіз рухани еңбекке шақырады. *Осы арнаның өзегі ретінде бірер қарасөздерінің философиялық-танымдық астарына бойлап көрелік.*

«*Ойыма келген нәрселер...» немесе сөз басы (Бірінші сөз).* Бірінші сөз мазмұны жағынан өзге «сөздерге» алғы сөз, кіріспе ретінде жазылған. Осы тұстан бастап өз басынан өткізген тұрлаусыз істерден философиялық мәнде ақыл қорытқан данамен жүздесеміз. Абай - өз заманының адамы. Ол атқарған негізгі қарекеттерінің басты-бастыларына өлеңдері мен қара сөздерінде талдау жасаған. Олар: ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, дін бағу және бала бағу. Ел бағудан түңіліп, мал бағу қолынан келмейтінін айта келіп, неліктен ғылым бағу мүмкін еместігіне нақтылы дәлелдер келтіреді. Өз ортасында ғылым сөзін сөйлейтін адам жоқ, олай болса білмегенді кімнен сұрайсың, білгенің кімге дәрі? Жағдай осылай болған соң, ғылымның өзі жан азабы. Сопылық қылып дін бағу үшін Абай тыныштық керек дейді. Не көңілінде, не көрген күнінде тыныштық жоқ, қайдағы дін бағу, қайдағы сопылық деген ой айтады.

Бала баға алмайтындығы туралы дәлелі анық. «Балаларыма ілгері өмірінің, білімінің пайдасын көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам?» дейді Абай. Осы ойларға терең үңілсек, ақынның өмірдегі түңілуі емес, адамға, оның характеріне, өміріне кеңістік бола алмай тар қалпасқа айналған қоғамдық болмысқа наразылықты аңғарамыз. Осы наразылықтан ақын мынадай тоқтамға келеді: *«Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керекі жоқ десе, өз сөзім өзімдік дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ».*

Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін жанр ойлап тапқан. Ол - сөз жанры. Ақынның қара сөздері - еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан. Абай ашқан «сөз» жанры, екінішке орай, қазақ мәдениетінде өріс алмады. Сірә, оған кінәлі, Шәкәрім тілімен айтсақ, «нақтылы ойдың» заманы болса керек. Адам өз ойындағысын еркін айтқаны үшін кінәлі болған заманда, әрине, сөз жанрының өрістеуі, Абай дәстүрін жалғастыруы мүмкін емес еді. Қара сөздерді мұқият оқыған адам ақынның кейбір тұста өзімен өзі сұхбаттасып кететін тұстарын да аңғарады. Бұл шын мәнінде Абайдың өзін-өзі терістеуі емес, оның ойларының үзбей кемелдену өрісінде екендігінің айғағы. Өмірдің мың сан құбылыстарына Абай ешқашан дайын жауап беруді мақсат тұтпаған. Ол заман, тұрмыс қиыншылықтары туралы айтқан.

«*Өзіңнен өзің есеп ал» (Он бесінші сөз).* Бұл сөзде қазақтың өзі туралы түсінігі өзге халықтарға берген мінездемесінен аңғарылатынын Абай нақтылы дәлелдеп берген. Өзге халықтар хақында ел арасында тұрпайы, ақиқаттан алшақ түсініктердің кең таралуы қазақтардың өзін-өзі танырлық санасының төмендігінде. Мәселен, біз барша әлемдегі ең тәуір халықпыз деу - этноцентризмге әкелетін анайы түсінік. Абай осы санадағы қарадүрсіндіктен тазару жолын ұсынып отыр. Абай бұл сөзді қазақ халқын кемсіту үшін емес, оның намысына тигізе әдейі айтып отыр. Халықтың бойында жақсы қасиетті ешкім мансұқ етпек емес, ал жағымсыз қылықтарды айту - одан арылудын тәсілі. Қазақ бұл халден құтылу үшін не істеу керек? Алдымен өзіңе өзгелердің көзімен қара. Ондай дәрежеге көтерілу үшін шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып зор болсаң, қорлықтан құтыласың. Тек сол жағдайда ғана өзге халықтар туралы қазақтардың да ұғымы өзгермек.

Абай осы шағын сөзде ел кемелденуінің басты-басты бағыттарына тоқталған. Ақынның осы идеялары күні бүгінге дейін іске толық аспай отырғанын мойындамасақ шара жоқ. Егер дер кезінде Абай насихатына құлақ қойған қауым болғанда, отызыншы жылғы аштықтан қырылар ма едік? Сарт, татарлар дін аман қалғанда біздің халықтың тең жартысы қырғынға ұшырады. Абайдың «Шаруа қылып мал тап, өнер тауып зор бол» дегені — бүгінгі күннің өміршең талабы.

«*Өзіңнен өзің есеп ал» (Он бесінші сөз).* Өмірде ақылды кісі бар, ақылсыз кісі бар. Оларды бір-бірінен қалайша ажыратуға болады? Абай айтуынша: *«Әуелі - пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды, сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады».* Демек, адамдар бір-бірінен дүниедегі ісі мен қарекеттері арқылы ерекшеленеді.

Адам дүниеге қызықпаса өмірдің сәні болмайды. Өмірге қызығу - адам өмір сүруінің ең басты шарты. Дүниенің қызығы адамды алға жетелейді, бойындағы қадір-қасиетін айшықтайды. Қызық деген нәрсе танымнан басталмақ. Баланың тілі шығып, ойынға, оқуға енген кезінен бастап дүние қызығы басталады. Жас жетіле келе сол қызықты

нәрсені іздеген уақыты еске түсе береді. Осы тұста *есті кісі* мен *есер кісіні ажыратуға болады. Есті адам* өмірінің әр күнін босқа жібермей, тиянақты іс атқарып, қызықты нәрселерді өз ғұмырының қызығына айналдырып, өткен өмірінде өкініш болмайды. *Есер адам* болса, баянсыз істер атқарып, қызықты нәрселерді құнсыздандырып, өмірін босқа өткізіп, өкінумен болады. Мұндай жандар «жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен».

Талапқа қайрат қылу үшін ақыл керек. Ақыл дегеніміздің өзі дүние қызығын парақтау арқылы анықталмақ. Бағасыз, құнсыз нәрселерді қызықтап ғұмыр кешу - надандық. Нағыз қызықты қызықтау — салауаттылық. Сонда қызық дегеніміздің өзі не? Абай «қызықты» дүниетанымның ұғымы ретінде қолданған. Ол қызық дегенде адамның адамшылық болмысын ашатын оның ісі мен қарекеттерін айтқан. Айталық, «өмірдің бір қызығы бала деген». Балалы болу, оны тәрбиелеу қызық. Ретімен жас кезінде ойнап-күлу де қызық. Алғыр, албырт жас кезде білімге ұмтылу - өмірдің дәстүрге айналған талабы. Қызықты өмір сүру үшін талап аз, оған қоса қайрат керек. Бұл әркімнің қолынан келе бермейді. Демек, есті (ақылды) кісінің талабына қайраты сай болуы қажет.

Адамның мастықтан аман болуы да қиын іс. Мастық кейде желік туғызады, көпірме боссөздікке апарады, оғаш қимыл, әрекеттер жасатады. Сондықтан Абай адамдардың өзіне-өзі сын көзімен қарауын ұсынады: *«Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеее жарамды күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?»* Әрине, ақылсыз, есер кісінің мұндай шаруамен ісі жоқ, өмірінің қызықты шағын итқорлықпен өткізгені пайда болмайды. Абайдың бұл сөзі, әсіресе, философия тұрғысында өте мәнді. Оның дүние қызығы, құмарлық, мастық деп отырғандары - ұғымдар (категория-

ДАЛА ОЙШЫЛЫ АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-ТАНЫМДЫҚ АСТАРЫНА БОЙЛАСАҚ...

лар). Мысалы, *«қызық»* деген ұғым туралы қыруар әңгіме жасауға болады. Қоғам жүйесінде аксиологиялық білім саласы бар, оның зерттеу нысаны, орысша айтқанда, «ценность», қазақшасы Абай айтқан «қызық» болса керек.

«*Білместікпен айтылған сөздер...*» (*Жиырма тоғызыншы* сөз). Біз мақал- мәтелдерге халық сөзі тұрғысында қарап шаң жуытпауға дағдыланғанбыз. Абай болса соларға ауыр сын айтқан. Шынында да, білместіктен пайда болып, қалыптасып «халық сөзіне» айналған, тәрбие үшін де қуаты жоқ мақал-мәтелдер туралы несіне ашық айтпасқа? Абай: *«Қазақ мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар»,-* дейді де, бірнеше мақалдарды сынайды. Әрине, Абай сынымен келісуге де, келіспеуге де болады. Абай айтқан деп мәселені мүлдем жауып қойсақ қателесеміз.

Абай үлкен-үлкен айтулы мәселелер туралы сөз қозғаған. Ұлы тақырыптар қандай ұлы болсын, бір адамның айтқаны ақиқат бола бермейді. Сондықтан Абай айтты деген сөзге сын көзбен қараудың өзі Абай дәстүрі. Абай - ешқандай ғұламаға бас иіп, соның сөзін дәлме-дәл қабылдамаған адам. Ол керегін алып, өз санасына салып, дұрыс деп таппаған істі ашық айта білген. Қазақ мақалдары туралы айтқандары да - соның бір көрінісі.

Абай бұл сөзде жеті мақалды сынайды. Олар: *«Жарлы болсаң, арлы болма», «Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермесі жоқ», «Атың шықпаса, жер өрте», «Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол», «Алтын көрсе періште жолдан таяды», «Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті».* Бұл мақалдарды Абай бір қырынан сынға алған, адамшылдықтан, ардан өзге де қылықтар бар. Адам атын бүркеніп жүрген антұрған, хайуандар бар. Сондықтан солардан сақтандыру үшін халық «Ата-анасынан малы тәтті» деген мақалды айтады. Ата-анасынан малы тәтті антұрғандар дүниеде қаншама?! Демек, адамдар арасында осындай жағымсыз қылықтар бар, олар мақалда нақтылы бейнеленген. Демек, мақалдар тек позитивтік мәнде ғана емес, адамды жат қылықтардан сақтандыру мақсатында да қызмет атқаратынын да естен шығармау қажет.

Абайдың жоғарыда келтірілген мақалдарға берген түсініктемесі белгілі. Біздің айтағымыз - Абай дүниетанымы шектеулі емес, ол - өз ойын еркін айта білген ойшыл. Оның айтқандарының көбісі нақтылы жауап бергендігімен емес, мәселені көтеруімен құнды.

Абай көбіне оқырманға ой сала жазған. Оның «Көкірегі сезімді, тілі орамды, жаздым үлгі жастарға бермек үшін» дегені - тек өлең жолдары емес, хакім Абай ойшылдығына тән қағидат. Ойшыл жастар айтылған сөздің мәнін өздері тереңдетіп әкеткен. Оны Абай жақсы білген. Сондықтан қара сөздерінде ол көбінесе сұрақ қойып отырады. Салмақты оқырманның өзіне тастағанды ұнатады. Бұл - ұйқыдағы ойды оятудың өте бір тиімді тәсілі.

Талаптың шарттары (Отыз екінші сөз). Абай *«талап»* дегенді кәдімгі ғылыми, философиялық ұғым ретінде талдаған. Адам талаптанып іс қылуы үшін оның шарттарын білуі керек екенін айтады. Ол қандай шарттар, солардың бас-басына тоқталайық. *Біріншіден, білмегеніңізді білуге деген құмарлық.* Абайдың айтуынша, талаптан «сол рахат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады». Мұндай талаптанған адамдар білмектіктің өзін дәулет деп санайды. Олар үшін дүниенің қызығы - ғылым мен білім. Егер білім мен ғылымға нағыз құмарлық, махаббат болмаса «көңілің өзге нәрседе болса... ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеңнің мейірімі секілді болады». Абай: «Шала мейір шала байқайды» деген. Ғылым мен білімге берілген адам өзге істерге алаңдамауы керек. Абайдың: «Дүние де өзі, мал да өзі ғылымға көңіл бөлсеңіз» дейтіні сол. Шала-шарпы оқуды Абай талаптылықтың шартына қоспайды. Талаптылық сол іске мүлдем берілгенді қажет етеді; *Екіншіден, ғылымды үйренгенді мақсат еткенде ақиқатқа жету үшін талап ету қажет.* Бірақ Абай ғылымға жету үшін бахастықты («бахас» - бәсекелік) мүлдем теріске шығармайды. Ақын: «... Азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залап да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл бұзады. Анық себебі, әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады» деп жазады. Мұндай бахасшылдық сөзсіз күншілдік туғызады. Сондықтан бахас та ғылымға үйренбектің бір жолы болғанымен, оған мүлдем берілу қателікке апарады. Абай өзге салалар сияқты ғылымға үйренушілер арасындағы бәсекелікті теріске шығармай, тек шектен шықпаушылық туралы ескерту жасаған. Бәсекелік те талаптың бір

шарты, оны ескермеуге болмайды. Ал ақиқат мақсатпен ғылымға үйренушілер - ерекше жандар, ондайларды Абай хакімдер деп атаған. Хакімдер бәсеке дегенді білмейді, олар үшін дүниенің бар қызығы - білмекке құмарлық; *Үшіншіден, өзің жеткен ақиқаттан өлсең де айырылмай, берік болу.* Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің? Әрине, бүгін айтқан сөзіңнен ертең қайтып жатсаң, онда қандай тиянақтылық болмақ? Мұндай қылықты жігерсіздік, талапсыздықдеуге болады. Сонымен бірге менің айтқаным ғана дұрыс деген пікірден мүлдем аспай, ақиқатты догмаға айналдыру да талаптылық шарты емес. Өзіңнің көзің жетпегенмен, ақиқатқа көзіңді өзгелер жеткізсе қабылда, одан кем-қор болмайсың. Өзің білмегенді өзгеден білуге талпыну да - талаптың шарты; *Төртіншіден, Абай білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар, олар мұлахаза және мұхафаза деген.* Оның *мұлахаза* деп отырғаны - ойласып, пікір алысу да, ал *мұхафазасы* - сақтану, қорғану түсінігі. Бұларды Абай тәптіштеп талдамаған, тек түсінік ретінде берген. Бұл ұғымдарды тереңірек талдау үшін олардың араб философиясындағы орындарын анықтау керек. *Бесіншіден, ақыл кеселдері туралы.* Ол мәселе жөнінде отыз бірінші сөзде айтылған. Абай ақыл кеселі туралы он тоғызыншы сөзде айтылған дейді, расында онда салғырттық хақында ой айтылған. Демек, он тоғызыншы, отыз бірінші сөздерді қараңыз; *Алтыншыдан,* ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты туралы. Мінез берік болмаса оқығаннан да, үйренгеннен де пайда жоқ.

Абай мұрасына барлау, ақынның ой тұңғиығына тереңдеу - ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретін іс. Абай - адамзаттың ғұмыр бойы игеріп, түйсіне түсетін тұтасқан бір ғажайып әлем. Қоғам дамуының ғасырлар желісінде *«өлмейтұғын артына сөз қалдырған»* ұлы тұлғалар хақында өз кезеңіне сай ой өрбитіні анық. Абай бізбен де, келер ұрпақпен де замандас, сондықтан ақынды *«жүрегінің түбіне терең бойлап»,* парасатты ой, зерделі санамен оқып үйрену - қасиетті парызымыз.

А.С. ҚЫДЫРШАЕВ,
Қоғамдық даму департаментінің директоры, «Ұлттық құндылықтар академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Батыс Қазақстан облыстық филиалы кеңесінің төрағасы, "Ерен еңбегі үшін" медалінің иегері;
Д.Т.МАХУТОВА, ғылыми қызметкер;
А.Б.МҰҚАДЕС, магистрант;
Б.А.ДОСҚАЛИЕВА, Ж.А.ҒАЙСА, филология факультетінің студенттері (*«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы*)

ЦИФРЛЫҚ ЗЕРТХАНАЛАР КӨМЕГІМЕН СТУДЕНТТІҢ ТӘЖІРИБЕЛІК DAҒДЫЛАРЫН ДАМУЫ

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқу процесінің тиімділігі мен сапасын арттыру – басты басымдықтардың бірі болып табылады. Бұл мақсатқа жетуде заманауи білім беру технологияларын, соның ішінде цифрлық құралдар мен электрондық ресурстарды оқу үдерісіне кеңінен енгізу шешуші рөл атқарады. Әсіресе, жаратылыстану бағытындағы пәндерді, соның ішінде химияның сан алуан бағыттарын оқытуда цифрлық технологиялар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың танымдық және зерттеушілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Цифрлық білім беру ресурстары мен технологиялары білім алушылардың таным процесін жандандыратын, оқу материалының қолжетімділігі мен көрнекілігін қамтамасыз ететін маңызды құрал ретінде қарастырылады. Олардың көмегімен оқу материалдарын визуализациялау, модельдеу, интерактивті тапсырмалар мен виртуалды зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру жүзеге асады. Бұл өз кезегінде білім алушының пәндік мазмұнды терең түсінуіне және оқу үдерісіне белсенді қатысуына жағдай жасайды. Оқытушының рөлі де өзгеріске ұшырайды: енді педагог

тек білім көзі ғана емес, білім алушының жеке және кәсіби дамуына бағыт беретін фасилитатор ретінде көрініс табады. Осыған орай, болашақ химик мамандарды даярлау барысында цифрлық білім беру платформаларымен жұмыс істеу, интерактивті сабақ құра білу, оқытудың аралас және қашықтық форматтарын қолдану қабілеті – негізгі кәсіби құзыреттер қатарында болуы тиіс.

Жоғары білім беру жүйесінде физикалық химия пәнін оқытуда цифрлық технологияларды қолдану әдістемесін зерттеу – білім беру сапасын арттыруға бағытталған өзекті ғылыми-тәжірибелік мәселе болып табылады. Бұл бағытта университет білім алушылары – болашақ педагогтар мен зерттеушілер – оқу үдерісінің жаңартылған мазмұнын меңгеріп қана қоймай, өз кәсіби тәжірибесінде цифрлық білім беру құралдарын тиімді қолдануға дайын болуы қажет. Цифрлық технологиялар – оқыту әдістерін жетілдіру мен білім алушының тұлғалық дамуын қамтамасыз етудегі маңызды құралдардың бірі болғандықтан, мақалада Magic SchoolAI, PhET симуляторлары, ChemCollective, және Nearpod секілді заманауи платформалардың мүмкіндіктері қарастырылған.

Зерттеу нысаны және әдістері

Мақалада 6B05301 – Химия білім беру бағдарламасының 3-курс студенттеріне физикалық химия пәнінен «Химиялық кинетика. Активтендіру энергиясы» тақырыбында келесі цифрлық платформалар мен виртуалды зертханалар қолданылды:

Magic School AI – жасанды интеллектке негізделген білім беру платформасы, ол оқытушылар мен студенттерге оқу материалдарын жекелендіруге, интерактивті тапсырмалар құрастыруға, бағалау мен кері байланысты автоматтандыруға мүмкіндік береді.

PhET Interactive Simulations (Колорадо университеті әзірлеген) – нақты физикалық және химиялық құбылыстарды модельдейтін, қолжетімді, интуитивті платформа.

ChemCollective – виртуалды химиялық зертхана мен есептер жинағынан тұратын платформа. Ол күрделі есептер мен

зертханалық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді.

Nearpod – оқытушы мен білім алушы арасындағы белсенді әрекеттестікті қамтамасыз ететін платформа. Сабақ барысында интерактивті слайдтар, тесттер, сұрақ-жауап форматтары және бейнематериалдар қолдануға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында төмендегідей әдістер қолданылды:

- Дифференциалды оқыту;
- Жекелендірілген оқу траекториясы;
- Жасанды интеллект арқылы бейімделген кері байланыс;
- Интерактивті зерттеу әдісі;
- Визуалды-аналитикалық оқыту;
- Модельдеу әдісі;
- Зертханалық тәжірибе әдісі;
- Проблемалық оқыту әдісі;
- Жобалық әдіс.

логарифмдік тәуелділікті график арқылы бейнелейді. Nearpod платформасында кері байланыс, білімді бекіту, дербес талдау жасау дағдыларын қалыптастырады. Мәселен, оқытушы сабақ барысында Nearpod-та кинетикалық қисықтар бейнеленген анимациялық слайдтар ұсынады. Студенттерден графиктерді түсіндіру, активтендіру энергиясын анықтау бойынша интерактивті сұрақтарға жауап беру сұралады. Сонымен қатар, тақырып бойынша тест немесе есептер беріледі. Ал Magic School AI арқылы оқу материалдарын жекелендіру, есептермен жеке жұмыс жасауға мүмкіндік бар. Студент активтендіру энергиясы бойынша қиындық көріп жатса, Magic School AI осы тақырыпқа бейімделген интерактивті бейнематериалдар, есептер мен сұрақтар ұсынады. Студенттің үлгерімі мен жауаптары бойынша жасанды интеллект одан әрі тапсырмаларды бейімдеп береді.

Инновациялық сабақтың нәтижелері дәстүрлі форматта өткен сабақ нәтижелерімен салыстырылды (1-кесте).

Кесте 1 – Заманауи платформалар (Magic School AI, PhET, ChemCollective, Nearpod) қолданылған сабақ пен дәстүрлі сабақ нәтижелерінің салыстырмалы нәтижелері

Критерий	Дәстүрлі сабақ	Заманауи платформалармен сабақ
Студенттердің қызығушылығы	Төмен немесе орташа деңгейде	Жоғары деңгейде, интерактивтілік есебінен мотивация артады
Теория мен тәжірибенің байланысы	Шектеулі (көбінесе теориялық түсіндіру)	Жоғары – симуляциялар, виртуалды тәжірибелер арқылы
Кері байланыс	Кешіктірілген, негізінен жазбаша	Жедел – платформаларда автоматты және интерактивті форматта
Тапсырмаларды жекелендіру	Жалпы тапсырмалар, барлық студенттерге бірдей	Студент деңгейіне сай бейімделген тапсырмалар
Шығармашылық қабілетті дамыту	Шектеулі, стандартты тапсырмалар	Платформаларда визуализация, анимация, модель құрастыру мүмкіндігі
Бағалау жүйесі	Мұғалімнің субъективті бағалауы	Автоматты, ашық, бейімделген бағалау

Зертханалық жұмыс мүмкіндігі	Құрал-жабдықтың болуына тәуелді	Цифрлық зертхана симуляторлары арқылы шектеусіз қолжетімді
Оқу материалына қолжетімділік	Тек сабақта беріледі	Онлайн платформаларда кез келген уақытта қарауға болады
Уақытты тиімді пайдалану	Уақыттың көп бөлігі түсіндіруге жұмсалады	Белсенді оқыту әдістері арқылы уақыт үнемделеді
Оқушының белсенділігі	Пассивті тыңдаушы рөлінде	Белсенді қатысушы шешім қабылдауға, талдауға қатысады

6B05301 – Химия білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылары үшін Magic School AI, PhET, ChemCollective, Nearpod сияқты цифрлық платформаларды пайдалану кәсіби біліктілікті дамытуға да тікелей әсер етеді(1-сурет).



Сурет 1 – Цифрлық платформалар арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мүмкіндіктері

Мұндай платформаларды сабақ барысында жүйелі қолдану болашақ химик-мамандардың теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, зертханалық, аналитикалық және цифрлық құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар заманауи платформалар (Magic School

AI, PhET, ChemCollective, Nearpod) қолданылған сабақтарда инклюзия қағидаттарын тиімді жүзеге асыруға кең мүмкіндіктер жасалады. Мұндай платформалар білім алушылардың әртүрлі ерекшеліктерін ескеріп, тең білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған (2-кесте).

Кесте 2 – Заманауи платформалар арқылы инклюзияны қамтамасыз етудің негізгі аспектілері

Аспект	Мүмкіндіктері
Оқытуды жекелендіру	Magic School AI әр студенттің деңгейіне сай тапсырмалар мен оқыту жолдарын ұсынады
Қолжетімділік	Барлық платформалар онлайн режимде жұмыс істейді, үйден оқуға мүмкіндік береді
Көру/есту қабілеті шектеулі оқушылар	PhET пен Nearpod-та визуализация мен дыбыстық сүйемелдеу бар
Қозғалыс мүмкіндігі шектеулі оқушылар	Виртуалды зертханалар физикалық қатысуды қажет етпейді
Тілді меңгеру деңгейі төмен оқушылар	Тапсырмаларды визуалды модельдермен түсіндіру жеңілдетеді
Кері байланыстың қолжетімділігі	Тапсырмалар бойынша автоматты, дер кезінде кері байланыс беріледі
Оқушының өзіндік қарқынымен оқу	Платформаларда оқу материалдарына кез келген уақытта қайта оралу мүмкіндігі бар

Magic School AI, PhET, ChemCollective және Nearpod сияқты заманауи платформалар инклюзивті білім беру ортасын құруда маңызды рөл атқарады. Олар білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді және әр оқушының әлеуетін барынша ашуға көмектеседі.

Цифрлық білім беру технологияларының дамуымен бірге химиялық білім беруді жаңғырту – заманауи білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі болып отыр. Мақалада

қарастырылған Magic School AI, PhET, ChemCollective және Nearpod сияқты платформалар студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етіп қана қоймай, оларды зерттеуші тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл платформалар студенттің теориялық білімін тереңдетумен қатар, нақты тәжірибеге жақындатылған оқыту форматын ұсына отырып, олардың тәжірибелік, аналитикалық, цифрлық және коммуникативтік құзыреттіліктерін жүйелі дамытуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Заманауи білім беру кеңістігінде болашақ химик мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытудың маңызды тетіктерінің бірі – цифрлық технологияларды тиімді пайдалану болып табылады. Зерттеу барысында қарастырылған Magic School AI, PhET, ChemCollective және Nearpod платформалары теориялық білім мен тәжірибелік дағдылардың арасындағы байланысты нығайтып, студенттің оқу белсенділігін арттыратыны дәлелденді. Бұл платформалар оқу процесін интерактивті, көрнекі және жекелендірілген түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері бұл платформалардың инклюзивті білім беру талаптарын да толық қанағаттандыратынын көрсетті. Олар ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, оқу процесін бейімдеуге және оқу

қарқынын жекелендіруге мүмкіндік береді. Мұндай әдістеме әр студентке өз әлеуетін толық іске асыруға жағдай жасап, тең білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Жалпы, цифрлық зертханалар мен платформалар тек пәндік білімді меңгеруге ғана емес, сонымен қатар студенттердің зерттеушілік дағдыларын, сандық сауаттылығын, инновациялық ойлауын және ынталы оқуға деген көзқарасын дамытуға бағытталған тиімді құрал ретінде қарастырылады. Сондықтан ұсынылып отырған әдістемені болашақта жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқытуда кеңінен қолдану – білім сапасын арттырудың және кәсіби кадрларды даярлаудың маңызды баспалдағы болмақ.

Нұрғұл ЕРЖАНОВА,
Биология, химия ғылымдары және қоршаған орта БББ оқытушысы, магистр

Современные образовательные системы претерпевают значительные изменения под воздействием цифровых технологий и инновационных подходов. Одной из главных задач является отход от стандартизированных методов обучения и переход к индивидуализированным формам работы с учениками. В этом контексте искусственный интеллект (ИИ) становится важным инструментом для реализации персонализированного подхода, который помогает учесть уникальные особенности каждого ученика, его предпочтения и уровень знаний.

Особенно актуальным это становится в контексте обучения иностранным языкам, в частности, английскому, поскольку этот предмет требует высокой степени вовлеченности и мотивации от младших школьников. Важно создать такой образовательный процесс, который будет адаптироваться к темпу ученика и его интересам. Одним из современных решений, использующих ИИ, являются нейросетевые технологии, такие как ChatGPT, Replica, Elsa, DeepL, Playphraseme, NaturalReader, Coach.microsoft.com, Useful apps, Accent Training, Cake, Linga и другие. Эти системы позволяют обеспечить индивидуальный подход, мотивировать учеников и повышать их уровень знаний.

Цель данного исследования — проанализировать возможности применения искусственного интеллекта для адаптации образовательных программ по английскому языку для младших школьников и рассмотреть существующие нейросетевые технологии, которые могут быть использованы в процессе обучения.

Адаптация учебного процесса с использованием искусственного интеллекта предполагает создание динамичной образовательной среды, в которой ИИ анализирует индивидуальные особенности учащихся, их темп усвоения материала и интересы, позволяя подбирать оптимальные задания и учебные ресурсы. Основной задачей при обучении английскому языку становится разработка материалов, соответствующих индивидуальному уровню подготовки каждого ученика. ИИ, опираясь на данные о предыдущих достижениях, предпочтениях и когнитивных особенностях ребенка, способен не только адаптировать содержание уроков, но и выстраивать учебную траекторию, максимально соответствующую потребностям конкретного школьника. В отличие от традиционных методик, где задания формируются универсально, интеллектуальные системы формируют индивидуальные рекомендации, что способствует более эффективному и быстрому усвоению материала.

На первоначальном этапе обучения ИИ может проводить тестирование, направленное на диагностику уровня знаний ученика по ключевым аспектам языка — грамматике, лексике и аудированию. Например, нейросеть DeepL используется для анализа перевода и лексических конструкций, а ChatGPT — для составления персонализированных заданий с учетом уровня и интересов обучающегося. Эти инструменты позволяют более точно определить исходную подготовку и создать основу для индивидуализированного курса.

Дальнейшее обучение дополняется интерактивными технологиями, способными оказывать мгновенную поддержку. Так, приложения Elsa и Playphraseme предоставляют обратную связь в реальном времени, оценивая произношение, интонацию и правильность построения фраз. Эти платформы фактически выступают в роли виртуальных репетиторов, обеспечивая помощь в

момент затруднения, что особенно важно для младших школьников, нуждающихся в постоянной поддержке.

Значимую роль в мотивации играет геймификация, которая повышает вовлеченность учеников в процесс обучения. Платформы, такие как Cake и Linga, используют игровые элементы — очки, уровни, значки и награды, — чтобы сделать занятия по английскому языку не только полезными, но и увлекательными. Это позволяет формировать устойчивую учебную мотивацию у детей младшего школьного возраста, обеспечивая регулярность и положительное эмоциональное восприятие образовательного процесса.

Таким образом, внедрение искусственного интеллекта и современных нейросетевых технологий в процесс обучения английскому языку младших школьников обеспечивает высокий уровень персонализации, интерактивности и мотивационной поддержки, что в совокупности значительно повышает эффективность и доступность языкового образования на начальной ступени обучения.

Одним из ключевых преимуществ внедрения ИИ в образовательную практику является **персонализация обучения**, основанная на анализе индивидуальных данных учащегося. ИИ-системы способны учитывать уровень подготовки, темп восприятия информации, интересы и предпочтения, формируя тем самым уникальную учебную траекторию.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ДЛЯ ПЕРСОНАЛИЗИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Кроме того, **доступность и гибкость обучения** обеспечиваются за счёт возможности использовать цифровые платформы в удобное для ученика время, вне зависимости от местонахождения. Это особенно актуально для внеурочной или домашней работы, а также в условиях дистанционного обучения.

Интерактивность и мотивация также входят в число преимуществ. Платформы, такие как *Coach.microsoft.com*, формируют задания с учётом уровня подготовки и предоставляют мгновенную обратную связь. Элементы геймификации — уровни, достижения, баллы — способствуют поддержанию интереса к изучению языка у младших школьников, формируя устойчивую учебную мотивацию.

Наряду с преимуществами, использование ИИ в образовательной практике сопровождается рядом вызовов. В первую очередь, это **этические и правовые аспекты**, связанные с обработкой и хранением персональных данных учащихся. В условиях младшего школьного возраста особое значение приобретает обеспечение безопасного цифрового взаимодействия и соблюдение нормативных требований в сфере защиты информации.

Важным ограничением является также **роли педагога**: несмотря на высокую технологическую оснащенность ИИ-инструментов, функция учителя остаётся незаменимой.

Преподаватель осуществляет контроль, мотивацию, эмоциональную поддержку и педагогическое сопровождение, а ИИ лишь расширяет его возможности.

Дополнительным препятствием может стать **неравномерный доступ к цифровым ресурсам**. В некоторых регионах Казахстана уровень цифровизации образовательных учреждений остаётся недостаточным, что ограничивает равные возможности для использования передовых технологий в образовательном процессе.

Интеграция ИИ в образовательный процесс не предполагает вытеснение педагога, напротив — она усиливает его роль. Используя инструменты, такие как *ChatGPT* или *Coach.microsoft.com*, учитель получает возможность оперативно адаптировать учебные материалы, отслеживать динамику результатов и индивидуализировать подход к каждому ученику. ИИ позволяет автоматизировать рутинные задачи (например, проверку заданий), высвобождая ресурсы педагога для более творческих и аналитических функций.

Возможности искусственного интеллекта также способствуют **повышению инклюзивности образования**. За счёт гибкой настройки и персонализации, нейросетевые технологии позволяют разрабатывать траектории обучения, адаптированные под учащихся с различными образовательными потребностями, включая детей

с ограниченными возможностями здоровья. Такие инструменты, как *NaturalReader* (синтез речи), *Accent Training* (постановка произношения) и *Useful Apps* (адаптивные обучающие приложения), обеспечивают доступность учебного контента в разных форматах, включая визуальный и аудиальный, что делает обучение английскому языку действительно универсальным.

Применение искусственного интеллекта в обучении английскому языку предоставляет широкие возможности для индивидуализации образовательного процесса, улучшения мотивации и повышения качества обучения. Использование нейросетевых технологий, таких как ChatGPT, Replica, Elsa, DeepL, Playphraseme, NaturalReader, Coach.microsoft.com, Useful apps, Accent Training, Cake и Linga, помогает адаптировать содержание уроков, предлагать разнообразные упражнения и мгновенно получать обратную связь.

Тем не менее, успешное внедрение таких технологий требует внимания к вопросам этики, безопасности данных и педагогической поддержки. Внедрение ИИ в образование может существенно улучшить качество и доступность образования, при этом сохраняя за учителем ведущую роль в процессе обучения.

Л.Н. ОЙЛЫБАЕВА,
старший преподаватель ОП Педагогика дошкольного и начального обучения, магистр

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНДА ҚОЛДАНУ: CHATGPT МЫСАЛЫНДАҒЫ ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ

Қазіргі заманда жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үдерісінде жаңа серпін беріп отыр. Цифрлық трансформация дәуірінде зерттеушілер мен білім алушылар үшін ақпаратты іздеу, жүйелеу, талдау және оны ғылыми форматта ұсыну маңызды міндетке айналды. Осы орайда, жасанды интеллекттің, әсіресе, үлкен тілдік модельдердің (LLM – Large Language Models) мүмкіндіктерін тиімді пайдалану қажеттілігі туындайды. ЖИ негізіндегі құралдар, соның ішінде ChatGPT платформасы – ғылыми мәтіндерді құрастыруда, әдебиетке шолу жасауда, зерттеу құрылымын жоспарлауда және мәтіндік редакциялауда таптырмас интеллектуалды көмекшіге айналып отыр.

Бұл мақалада «Ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоспарлау» пәнін оқыту барысында магистранттарға жасанды интеллект құралдарын үйрету, олардың ғылыми мақала жазу барысында ChatGPT мүмкіндіктерін қолдану арқылы нақты нәтижеге қол жеткізгені сипатталады. Оқу процесінде студенттер зерттеудің әр кезеңінде осы технологияларды қолдана отырып, жеке мақалаларын дайындап шықты. Бұл тәжірибе тек пән мазмұнын меңгеруге ғана емес, олардың зерттеушілік құзіретін дамытудың тиімді жолына айналды.

Оқыту әдістерін қолдану тәртібі. Сабақ барысында магистранттармен жүргізілген жұмыс келесі кезеңдерден тұрды:

- Зерттеу тақырыбын анықтау және өзектілігін дәлелдеу;
- Зерттеу мақсаты мен міндеттерін нақтылау;
- ChatGPT арқылы тақырып бойынша алғашқы промпттарды

- беру;
- Әдебиет шолуы үшін ақпарат жинау;
- Мәтін құрылымын жоспарлау және кіріспе жазу;
- Ғылыми гипотезаларды нақтылау және дәлелдерді тұжырымдау;
- Нәтижелер мен қорытындылар жазу;
- Мәтінді тексеру, грамматикалық және стилистикалық өңдеу.

ChatGPT платформасы осы кезеңдердің әрқайсысында нақты практикалық көмек көрсетті. Мысалы, әдебиет шолуын жазу барысында студенттер: «Сен – зерттеушісің. Қазіргі қазақ тіліндегі гендерлік концептілер туралы әдебиет шолуын жаса» деген секілді промпттар арқылы ғылыми стильде жазылған, сілтемелермен негізделген шолулар алды. Бұл олардың мәтін жазу дағдысын дамытумен қатар, сыни ойлау қабілетін де жетілдірді.

Оқыту формалары мен технологиялары Сабақ барысында қолданылған құралдар:

- ChatGPT – мәтін жазу, түзету, рефераттар мен аннотациялар құрастыру;
- Elicit – ғылыми сұрақтар бойынша автоматты әдебиет ұсыну және кіріспе абзацтар жасау;
- Zotero – дереккөздерді сақтау, жүйелеу және библиографиялық рәсімдеу];
- Lumina, Scite – дереккөздерді саралау және ғылыми шолу жасау;
- Paperpal – мәтінді стилистикалық және грамматикалық тұрғыдан тексеру;

- EditGPT – мәтінді көркем әрі сауатты редакциялау.
- Оқыту формасы аралас сипатта болды: офлайн деріс, практикалық жұмыс, шағын топтарда талқылау, жеке тапсырмалар. Әрбір студент жеке тақырыпта жұмыс жүргізіп, сабақ барысында алынған дағдыларды өз зерттеуінде қолдана отырып, дайын ғылыми мақаласын қорғап шықты.
- Жаңа технологияларды дәстүрлі әдістермен ұштастыру келесі нәтижелерге қол жеткізді:
- Жеке тақырыпты түсіну және нақтылау жеңілдеді;
- Зерттеудің мақсат-міндеттерін жүйелі қою дағдысы қалыптасты;
- Академиялық стильде жазу біліктілігі артты;
- Ақпаратты саралап қолдану дағдысы дамыды;
- Ғылыми мәтінді құрылымдауға деген қызығушылық пен сенім пайда болды.

Сабақ барысында магистранттар зерттеу кезеңдерін нақты логикалық ретпен орындап, зерттеу ойларын дәлелдеу үшін ChatGPT-тен алған ақпаратты өз бетінше қайта өңдеуге және толықтыруға машықтанды. Бұл процесте «контент емес, құрылым мен идеяны дамытуға көмекші» деген негізгі қағида басшылыққа алынды.

Жасанды интеллект құралдарының зерттеу жұмысына енгізілуі – болашақ зерттеушілерді даярлаудағы тиімді әдіс. ChatGPT және өзге де ЖИ платформалары магистранттарға тек мәтін жазу дағдысын емес, зерттеудің логикасын түсінуге, әдебиетпен жұмыс жүргізуге, ғылыми ойды дәлелді жеткізуге жол ашты. Бұл тәжірибе дәстүрлі білім беру әдістерімен қатар қолданып, оқытудың сапасын арттырып, студенттердің танымдық және зерттеушілік әлеуетін кеңейтті. Оқу үдерісіне жасанды интеллектті кірістіру – заманауи оқытудың сұранысына жауап береді.

Кәмшат ЖҰМАШЕВА,
PhD, аға оқытушы, М. Әтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті



“...Соғыс, соғыс, бүкіл мың да төрт жүз он сегіз тәулік бойы күллі әлемді қалтырата сілкіндірген қанқұйлы соғыс! Қаншама достарды қолдан жерледік, қаншама достар бейхабар жоғалды.

Бұл біздің артықшылығымыздан да, жан сауғалағандықтан да емес, әскери тағдыр аман оралуымызды қалады. Кейбір адамдарда “әскери тілші оқ пен оттан қақас жүреді” деген үстірт түсінік бар. Қате, қате, нанбаңдар! Әскери тілші солдаттарды шабуылға көтермегенмен де бірге жүреді. Реті келгенде команданы өз қолына алып, жауынгер оқырмандарын шабуылға да көтереді”.

Бұл айтулы ақиық ақын, әйгілі майдангер жазушы, қан майданда әскери тілші болған, Қазақстанның халық жазушысы Әбу Сәрсенбаевтың естелігінен алынған үзінді. Уақыт зымырап өтіп, қоғам жаңарып жатыр. Өмірімізде өркенді-өркенді өзгерістер болып жатыр. Сол қанқұйлы соғыстың аяқталғанына да биыл 80 жыл болды, ал жауынгер жазушы атамыздың туғанына да 120 жыл болмақ. Осы айтулы қос мерейлі тарихи күндер қарсаңында айшықты ақын, қарымды қаламгер жайында өскелең жас ұрпаққа тағлым ретінде жаңаша баяндап беруді жөн санадық.

Әрбір ақынның әдебиетке келу жолы, өсуі, творчестволық сапары әр түрлі болып келетіні белгілі. Кейбіреуі топты жара, өр дауыспен асқақтай адуынмен кеуделеп-кимелей келіп, ақындық қуатын, шеберлігін салған жерден танытса, кейбір ақын көзге түсіп еленбей, өзінің жұмсақ биязы қалпын сақтап, бірте-бірте ашылып, ақындық қасиетін келе-келе айқындайды. Осылар жөнінде академик С.Қирабаев: «Бір тамашасы – осы таланттардың ешқайсысы бірін-бірі қайталамай, бірін-бірі басып кетпей, біріне-бірі бөгет жасамай, нағыз өсер әдебиетке тән «әр түрлі және талантты» қаламгерлердің тобын құрады. Өркім өзінше ізденді, біреулері заман дүбірін, оның қарқынды дамуын лепті жылдарымен дүрілдете жырласа, екіншілері өмірдің өзіндей баяу ағыспен реализмнің толымды жолын қарастырды» - деп жылы лебіз білдіреді. Осы қазақ әдебиетінің іздену өрісін байытып, оның жаңа өмірді жырлау жолындағы табысын да елеулі еткен таланттардың ішінде Әбу ақынның да өзіндік орны бар еді.

Енді Әбу Сәрсенбаевтың өмірі мен шығармашылық қызметіне көз жүгіртіп өтелік.

Әбу (Әбу – Ғали – Сина) Сәрсенбайұлы – Атырау облысы, бұрынғы Теңіз ауданының Жаңажол ауылында 1905 жылғы 15 қазанда туған балықшы баласы. Жасөспірім шағынан еліміздегі дүбірлі өзгерістерге тікелей араласып, қарапайым еңбек адамдарымен бірге жаңа өмір құруға аянбай атсалысты. Астраханьға қарасты Төленді селосындағы шаруа жастары мектебінде оқыды. Осында жүріп қазақ пен татар әдебиетінен қатар сусындайды. Абай мен Тоқай өлеңдерімен осы жылдары танысады.

1927 жылы Астраханьдағы кеңес-партия мектебіне түсіп, 1929 жылы бітіріп шығады. Осы жылдары әдебиетпен де шындап айналыса бастайды. Бірді-екілі фельетондары да жергілікті «Кедей тілі» газетінде басылып та шықты («Одырбаевтың одыры» т.б.). кеңес-партия мектебін бітіргеннен кейін


МАЙДАНГЕР ЖАЗУШЫ, ӘСКЕРИ ТІЛШІ

Астраханьнің Зеленге ауданында саяси-ағартушылық жұмысын атқарады.

1930 жылы оқу ниетімен Алматыға ауысады. Оқудан кеш қалуы себепті маман жұмысшыларды даярлайтын Орталық Еңбек Институтында қоғамтану пәнінен оқытушы болып орналасады. Және «Еңбекші қазақ» газетінде де әдеби қызметкер болып істейді.

1932–1934 жылдары Алматыдағы КомВузда оқиды. Сонымен бірге Абай атындағы КазПИ-дегі лекцияларға, әдебиет төңірегіндегі ғылыми оқуларға қатысып отырды.

1934 жылы Түркістан – Сібір темір жолының қазақ тілінде шығатын «Турксиб» газетін ұйымдастырып, 1936 жылға дейін



сол газеттің редакторы болып қызмет істеді.

1936–1941 жылдары Қазақстан Мемлекеттік Баспасында ілкіде редакция меңгерушісі, кейін директоры болып қызмет етті. Әдебиетке де етене жақын араласты осы жылдары. «Еділ толқыны» (1937 ж.), «Жүрек сыйы» (1938 ж.), «Ант» (1940 ж.), «Ақмаралдың жүрегі» сияқты поэмалары мен өлең жинақтары жарық көрді.

1941–1942 жылдары Қазақтың Біріккен Мемлекеттік баспасында көркем әдебиет редакциясының меңгерушісі болды. 1942 жылдан Ұлы Отан соғысында от кешіп, 1946 жылға дейін кеңес әскері қатарында қызмет атқарды. Майдан даласынан өзінің бүкіл поэзиясының мәйегіне айналған әйгілі «Ақша бұлт» жыр жинағымен оралды.

1947–1953 жылдары Қазақтың оқу–педагогикалық баспасының директоры болып істеді. Сол тұстары талай ұрпақтың қойын кітабына айналған «Ана тілі», «Әдебиет хрестоматиясы», «Оқу кітабы» мектеп шәкірттері тәрбиесінде қалтықсыз қызмет етті.

Соғыстан кейінгі жылдары «Туған өлке» (1948), «Отан таңы» (1952), «Миллиардтың ізімен» (1959), «Баспалдақтар, биіктер» (1971) атты өлең жинақтары жарық көрді.

Халқымыздың тарихи тағдыры, замандастарымыздың арман-мұраты, азаматтық тұғыры ақынның соғыстан кейінгі осы ондаған жыр кітабының алтын арқауы болды. Ол «Сенің бақытыңды қорғағандар», «Офицер күнделігі» (1960), «Жауынгер монологы» (1972), «Батырлардың ізімен» (1974) атты прозалық жинақтарында отан қорғау тақырыбының риясыз шындығын қаз-қалпында жеткізді. «Толқында туғандар» (1953), «Теңіз әуендері» (1969) романдары Атырау балықшыларының өмірін суреттеуге арналған. «Ақмаралдың жүрегі» атты алғашқы поэмасында революцияға дейінгі қазақ қыздарының ауыр тағдыры суреттеледі. «Шие ағашы», «Намыс ұлы» поэмалары Ұлы Отан соғысы жылдары жазылып, соғыстың ауыр қасіретін шынайы

суреттеп берді. «Ұлым туралы Ой» (1948), «Жас коммунист туралы жыр» (1959), «Жазылмаған дастан» (1961), «Отыз үшінші көктем» (1975) поэмаларында замандастарымыздың күреске толы өмірі мен биік арман-мақсаты азаматтық парасаты жырланады.

«Арбасу» (1948), «Теңіз махаббаты» (1975) драмалары талай көрермен қауымға рухани ләззат сыйлаған туындылар.

Жоғарыдағы туындылар негізінде әдебиетіміздің алтын қорына 1981 жылы 5 томдық шығармалар жинағы қосылды. Одан кейін, жасы ұлғайған шағында да ақиық ақын қоғамдық ірі сілкіністерді, күрделі қайшылықтарды жан-жүрегімен тебірене терең сезіліп «Маржан таулар жырлайды» (1982), «Қасиетті махаббат» (1987), «Ғасыр мен ғасыр беттесе» (1995) тәрізді ғажайып кітаптарымен мүлде жаңа қырынан танылды.

Әбу Сәрсенбайұлының шығармалары орыс, украин, эстон, тәжік, түрікмен, болгар сияқты дүние жүзінің талай тілдеріне аударылған: «Белое яблоко» (1958), «Берег моей юности» (1969), «Сын капитана» (1965), «Рожденные на волнах» (1957), «Морские напевы» (болгар тілінде 1980), «Писари капитан» (тәжік тілінде 1966) т.б.

Ол өзі де аударма ісіне ерекше үлес қосты. А.Пушкин, М.Лермонтов, Н.Некрасов, Ш.Петефи, Фаиз Ахмет Фаиз туындыларын қазақ тілінде сөйлетті.



Ә.Сәрсенбайұлының әдебиеттегі, қоғамдық өмірдегі сан-салалы еңбегі жоғары бағаланып, еліміздің жеті ордені, көптеген медальдарымен марапатталған. Басты-бастыларын атап айтсақ, «Қызыл жұлдыз», «Октябрь революциясы», «Халықтар достығы», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» және 1995 жылы алған Егемен Қазақстанның «Парасат» ордендері.

Қазақтың көрнекті қаламгері, Қазақстанның халық жазушысы Әбу Сәрсенбаев алпыс жылдық әдебиет майданы ортасында ширығып, қазақ поэзиясына тың ырғақ, жаңа леп, соны тыныс, жаңа тақырып, теңеу, образ әкеліп, өзіне тән шеберлікпен, өзіндік ақын өрнегімен тынбай еңбек етіп, қазақ лирикасының мәртебесін биіктеткен ақын.

Отызыншы жылдардағы поэзиядағы басым тенденция уақыттың үрдіс дүбіріне қызу үн қосу, өлең-жырдың үгіттік, ұраншылдық әуендеріне негізгі мән беру болды. Әбу ақын да осы жолды басынан өткерді. Өзінің алғашқы жырларын отызыншы жылдар ішінде елімізде болған қоғамдық өзгерістерді көрсетуге, туған елінің жаңа бейнесін ашуға, жаңа адамның ерлігі мен өмір сүйгіштік қасиеттерін бейнелеуге, отан қорғау мәселелеріне арнады. Бұл кезеңдегі ақын бойында заман

шаттығына ортақтаса сезіну, лепті қуаныш, ұраншылдық басым еді. Мұны ақынның алғашқы өлең жинақтарындағы («Еділ Толқыны» (1937), «Жүрек сиы» (1938), «Ант» (1940) өлең-жырларынан да байқау қиын емес: «Жырым, нұрым – Жаңа заң», «Сүйеді сені әлемің», «Орындалған арман», «Көсемге арналған кілем», «Менің Отаным», «Отан жыры», «Отан дауысы», «Октябрь толғауы», «Отан күзетінде», «Өлеңім – менің гранат», «Берсе маршал команда», «Пилот досқа», «Геройдың өлімі» т.б. Бұл өлеңдер, негізінен, өзінің отанын, елін мақтап тұтқан азаматтың қуанышты, шатты көңіл-күйін бейнелейтін Отан туралы одалар десе де болғандай. Сол тұстағы туған өлеңдердің барлығы дерлік осындай көтеріңкі әуенде жазылды.

«Жақсыға лепіріп қуанбаса, жаманға мұңайып күйінбесе, ол қандай ақын? Кеңес үкіметі шындығын орнықтыруға қызмет еткен де – біздің сол «Лепірме» поэзиямыз. Бүгінгі тәуелсіздік алған еліміздің елдік, жауынгерлік дәстүрін жырлаумен ояна бастаған халықтың рухын көтеру үшін де ондай поэзия керек. Сондықтан қазақ кеңес ақындарының жақсы өлеңдері - әрқашан бағалы мұра, біздің өткен тарихымыздың жанды куәсі. Олардан заман мен уақыттың сырын, сол дәуір адамының тірлік-тынысын тануға әбден болады» - деген академик С.Қирабаевтың тұжырымы осы кезең әдебиетін, ақын-жазушылар шығармашылығын бағалауда құнды пікір деп есептейміз.

Ақындық жолын осындай «ұранды», «лепірме» поэзиядан бастаған Әбу Сәрсенбаев өзгеріп жатқан өмірдің өзінен нәр ала отырып, оның сырын көкейіне түйіп, өзі де қатарлас ақын әріптестері секілді күн санап өрлеп, өлең өрісін жаңарта кеңітіп, жалаң үгіт, жалпылама сарын, қарадүрсін әуендерден арылып, нақтылыққа, жинақтылыққа ден қойып, «шындықты терең сырға, сырды өлең-жырға айналдыратын, сезімнен от ұшқындатпай, ұшқыннан жалын лапылдатпай қалам тербемейтін нәзік дірілді сыршыл ақын» қатарына көтерілді, іргелі азаматтық ойдың, азаматтық әуеннің ақыны болып қалыптасты. Ол шығармаларында өз кезіндегі еліміздің тынысын, өткен жо-



лын, соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі адамдардың қаһармандық ерлігін, еңбегін, туған жерінің табиғатын барлық ақындық шабытымен жырлап, шебер өрнектей білді. Өмір шындығына терең зер салып, сонан өз өлең-жырларына өзек арқау боларлық оқиғаларды көңіліне тоқып отырды.

Сондықтан да ақын лирикасы өмір шындығын нақты бейнелейтін көркем туындыларға айналып, халқының жүрегінен жылы орын алды.

Ө.Сәрсенбаев туған халқының шаттығы мен қасіретін, өз замандастарының ұлылығы мен кішілігін, асыл арманы мен таза махаббатын, күш-жігері мен ерен еңбектерін ғана жырлауды мақсат еткен, соны өзіне бақыт санаған жаратылысынан гуманист, нәзік жанды сыршыл ақын болатын. Мұны ақын шығармашылығын зерттеушілер мен ақынның қаламдас достарының да мына бір пікірлері де растайды. «Әбу ақын ретінде де, азамат ретінде де өз тұстастарының ішінде оқшауырақ тұрған жан. Өйткені Әбу тым қарапайым, тым кішіпейіл. Әдебиеттегі лайық орныңыз мынау, ілгері озыңыз деп сүйрелесеңіз, ол кісі құдды желегі басынан түспеген жас келіншектей, сол ізетінің өзінен именіп, кейін қарай тартқыншақтап, қайда бір көзге түспейтін елеусіз жерде қалып қойып жүреді. Әбу ақынның осы бір кішіпейіл, сыпайы мінезі, оның қаламынан туған бар шығармасына тән» - дейді Қазақстан халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әбдіжәміл Нұрпейісов. Бұл - өте-өте әділ және дәлме-дәл берілген айқын мінездеме, үлкен баға.

Мен білмеймін, жаманбын ба, жақсымын, Мен келгелі бұл әлемге
Талай таңдар атып,
Талай батты күн.
Алтын таулар орнаттым деп
Мақтануға қақым жоқ,
Еңбекпенен өтті әйтеуір жастығым
Ұзақ жасап бітіргенім аз болса,
Сақалымның сата алмаймын ақтығын.
Осы өлең жолдарының өзі-ақ Әбу ақынның азаматтық, ақындық, кісілік келбетін танытады. Оның биязы, мейірімді дауысы, ақша бұлттай аппақ адал Жаны, тұла бойы адамгершілікке толы бітім-болмысы, тұлға-тұрқы, тыныс-демі, бүкіл ғұмыры бір-ақ шумаққа сыйып тұр.

Әбу Сәрсенбаев өмірімен де ақындық, жазушылық өнерімен де өнегелі ой иелерінің бірі болып саналады. Қазақ әдебиеті тарихында көзінің тірісінде тоқсан жылдығын тойлаған ақын-жазушылардың алды болды.

Осы «тоғыздан тоқсан жасқа дейінгі саналы өмір жолы – тап-таза адамдық, азаматтық сапар. Ірі ақын, ұлы ақын - әрқашан азамат ақын, - дейді академик З.Қабдолов, - осы ұғыммен өлшесек, Әбу Сәрсенбаевтың аса көрнекті ақындығы орасан биік азаматтығында жатыр». Ал азаматтың асыл мұраты – еліне, халқына қызмет ету. Өле-өлгенше қолынан қаламы түспеген ақиық ақын өзінің азаматтық мұрат-мақсатынан бір тайған емес. Соның айғағындай боп оның артында екі том өлеңдер мен поэмалар, үш том еңгіме мен новеллалар, екі романнан тұратын бес томдық шығармалар жинағы және олардың бер жағында жасы ұлғайған шағында да абыз ақынның қоғамдық ірі сілкіністерді, күрделі қайшылықтарды жан-жүрегімен терең сезінуінен туған «Қасиетті Махаббат» (1982), «Ғасыр мен ғасыр беттесе» (1995) тәрізді ғажайып жыр жинақтары мен «Ұстаздар мен тұтастар» (1986) атты әдебиет жайындағы толғаныстары қалды.

Ө.Сәрсенбаевтың о бастанақ әдебиетке үлкен азаматтық ойдың ақыны болып келгендігіне оның осы бүкіл шығармашылығы дәлел бола алады. Бұл жөнінде белгілі әдебиет сыншысы С.Әшімбаевтің «Әбекеңнің қайратты қаламынан туған қауқарлы жырлар, салмақты сырлар, орамы берік ойлар төл әдебиетіміздің еңсесін биікке көтеруге көмектескен әрі талай-талай өнерпаз буын мен оқушы қауымның ой-өрісін кеңейткен, жан дүниесін тәрбиелеген дәрежесіндегі есті дүниелер екендігін неге ашып айтпасқа?» - деген бағалы пікірді құптай отырып, біз де өз еңбегімізде халықтың ойлы байсалды жыршысы болып, онымен ұзақ өмір жолын, ақындық, жазушылық жолын бірге кешкен халықтық таланттардың бірі Әбу Сәрсенбаевтың шығармашылығының кейбір қырларына ғана тоқталдық. Кешенді зерттеулер әлі де алда.

Ж.Ж. ШАЙЕКЕНОВ,
М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті, ф.ғ.к.

Айтолқын ӘЛІБЕКҚЫЗЫ,
“Қазақ тілі мен әдебиеті” мамандығының
4-курс студенті

АБАЙ МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗІ

(Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған)

Қазіргі жаһандану заманында Абай Құнанбайұлының мұрасы қазақ халқы үшін ерекше маңызға ие. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген «бағзы заман» ойшылының қазіргі XXI ғасырда яғни, үздіксіз дамып отырған космостық дәуірде қандай маңызы және әсер етуші рөлі болу мүмкін деген сұрақ туады жастарда. Сондықтан бұл маңыздылықты бірнеше негізгі аспектіде бөліп көрсету қажет деп ойлаймыз:

Абай ұлттық идеологияның ғылыми тұрғыдан негізделген әрі бай әрі күрделі феномені болып табылады. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, Абайдың шығармашылығы қазақ халқының мәдени, әлеуметтік және рухани өмірінің қалыптасуында ерекше рөл атқарады. Мемлекеттік басқаруда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев - Абайдың идеяларын Қазақстанның жаңару, дамуы үшін рухани-мәдени бағдар, ұлттық құндылықтардың өзегі деп бағалайды.

Біріншіден, Білім мен зияткер ұлт құру.

Мемлекеттің Президенті «Білімге инвестиция салу – ел дамуының басым бағыты екенін» жолдауларында ерекше атап өтеді. Абай білім мен ғылымды басты өмірлік құндылық деп сана-са, «Ғылым таппай мақтанба», «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» деген ойларына сүйене отырып, жастарды заманауи білім алуға, ғылымға ұмтылуға үндейді. Екеуі де жастарды озық білімге, шығармашылыққа бағыттауды маңызды санайды.

Екіншіден, ұлттың рухани жаңғыруы және адамгершілік қағидалары:

Абай «Пайда ойлама, ар ойла» деп адамгершілік пен елдік мүддені жоғары қойған. 38-ші қара сөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық» дейді. Бұларды болдырмаудың жолы – өзін дамытуға үйрету, білімге, ғылымға құштарлық деп санайды. Қазіргі мемлекетіміздің де басты идеологиясы - рухани жаңғыру, мәдени құндылықтарға оралу саясатын жүргізіп отыр. Екеуінің де көздегені – әділ, адал, ізгі қоғам құру, яғни Президент халыққа жолдауларында жастарды адалдыққа, әділдік пен мейірімділікке тәрбиелеудің қажеттілігін атап көрсетеді. Бұл жерде Абайдың адамгершілік, әдеп туралы ойлары – қазіргі ұлттық тәрбиедегі адамгершілік қағидалары саясатының іргетасын қалап кетті.


Үшіншіден, еңбек пен кәсіп:

Абай еңбексүйгіштікті басты өмірлік қағида ретінде ұсынады («Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Мал керек болса, қолөнер үйренбек керек, мал жұтайды, өнер жұтамайды» деген кеңесін Қ.К.Тоқаевта еңбекқорлық, кәсіп игеру арқылы қазақстандықтардың әлауқатын арттырумен байланыстырады. Мемлекеттің инновациялық қарқынмен дамуының негізі халықтың кәсіби дамуы мен еңбек мәдениеті. Сондықтан, әрбір адамның кәсіпке бейім болуы

қоғамның өркендеуінің кепілі екен даусыз. «Мемлекетіміздің дамыған елдердің қатарында болуы үшін адал еңбегімен ат салысу әрбір Қазақстандықтың парызы» деп ел Президенті өзінің әрбір жолдауында ерекше атап өтеді.

Төртіншіден, Ұлттық бірлік пен ынтымақ:

Абай айтқан «Бірінді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» – татулыққа, бірлікке шақырған сөздері мемлекеттік стратегияда өз жалғасын тауып отыр. Президент қоғамда келісім, бірлік – негізгі қағидат екенін үнемі баса айтады. Қазіргі тұрақсыз, сыртқы фронттағы қауіпті заманда елдегі бірлік пен қоғамдық келісім Қазақстанның болашағы үшін маңызды факторы болмақ.



Бесіншіден, азаматтық жауапкершілік пен жаңару идеалы:

Абай заманмен үндесіп, қоғамды кемелдікке, жаңаруға шақырады. «Болмасаңда ұқсап бақ,

Бір ғылымды көрсеніз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.», немесе «Ортақтық, тыныштық, достық қой, Оның қадірін кім білер? Әркімге ақ тілеу қостық қой, Бәрі алдамшы саудагер»,.

Болмаса,
«Қайнайды қаның, Ашиды жаның, Мінездерін көргенде...» деп жан айқайын білдірсе, тағыда: «Кейбірі пірге қол берген, Іші залым, сырты абыз, Кейбірі қажыға барып жүр, Болмаса да қаж парыз» - деп күйінеді. Ал, «Қалың елім қазағым, қайран жұртым!» өлеңінде Абай қазақ қоғамындағы әділетсіздікті, рухани тозуды ашық жаза отырып, қоғамды жаңаруға үндейді, ізгілікті сақтауға, азаматтық жауапкершілікке шақырады.

Ел Президенті Қ.К.Тоқаев «Жаңа Қазақстан» идеясын ұсынып, елдің саяси, экономикалық және рухани жаңғыруын басты мұрат етеді.

«Жауапты мемлекет – жауапты қоғам – жауапты адам» идеясын жүзеге асыруда Абайдың «бес асыл іс» туралы іліміне сүйенеді: «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой»-дейді хакім Абай.

Осылайша, Абайдың шығармашылығы, рухани мұрасы қазақ халқының алтын

қазынасы болып табылады. Ол халықты ұлттық руханият, мораль-этика, білім және ғылымды игеруге шақырады, сол арқылы ұлттың болмысын, мәдени бірегейлігін, этикалық құндылықтарын насихаттады. Абай ұлттық сананы қалыптастырудың, рухани жаңғырудың негізін қалап кеткен адам, оның «толық адам» идеясы ұлттық тұлғаның кемел жандануын білдіреді.

Тарихи аспектіден қарағанда, Абай мұрасы қазақ халқының отаршылдық қысым астындағы рухани тәуелсіздігі мен мәдени санасының оянуында маңызды рөл атқарды. Кеңестік дәуірде цензураға ұшырағанымен, оның шығармашылығы ұлттың рухани азаттығын іздестіру мен ұлттық мәдениетті сақтап қалуға бағытталған күрестің символына айналды. Қазіргі құбылмалы тарихи кезеңдерде Абай мұрасы ұлттық бірлік пен өз жетістіктерін қайта тануға шақырады. Сондықтан, қазіргі жастарды патриотизмге, өз халқының тарихы мен мәдениетін құрметтеуге, ғылым мен білімге ұмтылуға тәрбиелеу Абай мұрасы арқылы жүзеге асады деп санаймыз. Бұл бағытта мемлекеттік саясаттың басты идеясымен үндес келеді, өйткені Абай мұрасы ұлттық құндылықтар жүйесін нығайтып, мемлекет құру мен қоғамдық дамудың басты идеяларын қалыптастырып кеткенін қазіргі кезде мойындалып отыр.

Сонымен бірге, Абай мұрасы адамзаттық құндылықтармен үндесіп, қазақтың ғана емес, жалпы әлемдік руханият пен гуманизмнің дамуына үлес қосқан ұлы мұра ретінде мойындалады. Ол әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Президент Қ.К.Тоқаев Абайды «Жаңа Қазақстанның бренді» ретінде әлемге танытуды ұсынады, ал өз кезегінде Абайдың рухани мұрасы ұлттық идея мен болашақ даму моделіне айналмақ.

Түйіндей келе, бүгінгі Қазақстанның дамуы мен қоғамды қайта құру үдерісінде Абай мұрасы мен мемлекеттік реформалар бір-бірін толықтырып, ұрпақты ілгері бастауға жол ашады, оның «толық адам» концепциясы ұлттық болмысты сақтап, жаһандық құндылықтармен үндесуге, әрі жарыса дамуға мүмкіндік береді. Зерделі, философияға толы жауһар өсиеттері ұлттық ішкі тұрақтылықты сақтап, жаһандық сын-қатерлерге қарсы тұруға көмектеседі.

Жастарға мәңгілік - бағдар, ұлтқа тірек, қоғамға – бірлік пен үздіксіз дамудың концепциясын қалдырып кеткен Абай мұрасын – ұлттық идеялогияның негізіне айналып, Ұлттық брендіміз ретінде орнығуы үшін біздерде үнемі насихаттауды тоқтатпауымыз керек.

Бүгінгі Ұлы Абайдың мерейтойы құтты болсын! Өзара құрмет пен ұлттық бірліктің бренді Абайдың мерейтойы халқымызға үлкен шабыт пен мәңгілік рух берсін!

А.С.БАЙБУЛСИНОВА,
М.Өтемісов атындағы БҚУ
ҚР тарихы кафедрасының меңгерушісі,
тарих ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор (доцент)



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ

Қазақстан – Орталық Азиядағы ең ірі әрі экономикасы серпінді дамып келе жатқан мемлекеттердің бірі. Тәуелсіздік жылдарында ел экономикасы түбегейлі өзгерістерге ұшырап, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға бет бұрды. Бүгінде Қазақстан экономикасы өзінің табиғи ресурстарға байлығына, инвестициялық тартымдылығына және стратегиялық даму бағыттарына негізделі отырып, тұрақты даму жолына түсті.

Табиғи ресурстар – экономиканың іргетасы

Қазақстанның экономикалық қуаты, ең алдымен, мол табиғи ресурстар қорына байланысты. Ел аумағында мұнай, газ, уран, көмір, түсті және қара металлдардың аса ірі кен орындары орналасқан. Атап айтқанда, Қашаған,

Қарашығанақ және Теңіз сияқты мұнай кен орындары – әлемдік деңгейдегі жобалар санатына кіреді. Мұнай-газ секторы – Қазақстан экспортындағы негізгі салалардың бірі болып табылады және мемлекеттік бюджет кірісінің үлкен бөлігін қамтамасыз етеді. Уран өндірісі бойынша Қазақстан әлемде көш бастап тұр. Бұл сала да елдің энергетикалық қауіпсіздігі мен экспорттық әлеуетін арттырып отыр. Алайда ресурстық бағыттағы экономика, яғни шикізатқа тәуелділік, ұзақ мерзімді тұрақты дамуға кедергі келтіруі мүмкін екенін уақыт көрсетіп отыр.

Ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібі

Ауыл шаруашылығы – Қазақстан экономикасындағы маңызды салалардың бірі. Елдің кең байтақ жері астық,

мал шаруашылығы, сүт және ет өнімдерін өндіру үшін қолайлы. Қазақстан әлемдегі ең ірі астық экспорттаушы елдердің қатарында. Сонымен қатар агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру, жаңа технологияларды енгізу арқылы ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыру бағытында жұмыстар атқарылуда. Өңдеу өнеркәсібі – экономиканы әртараптандырудың негізгі құралдарының бірі. Бұл салада металл өңдеу, химия, машина жасау, құрылыс материалдарын өндіру және жеңіл өнеркәсіп салаларында даму байқалады. «Индустрияландыру» бағдарламасы аясында елімізде бірқатар өндірістік кәсіпорындар іске қосылып, экспортқа бағытталған өнім көлемі арта түсті.

Инвестиция және экономикалық реформалар

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан шетелдік инвестиция тарту бойынша белсенді саясат жүргізіп келеді. Елдегі тұрақты саяси жағдай, заңнамалық базаның жетілдірілуі және бизнеске жасалған қолайлы жағдай – шетелдік инвесторлар үшін тартымды факторлар болып табылады. Қазақстан ТМД елдері арасында инвестиция көлемі бойынша алдыңғы қатарда.

Соңғы жылдары экономиканы жаңғырту және әртараптандыру мақсатында «Цифрлық Қазақстан», «Нұрлы жол», «Қарапайым заттар экономикасы» сынды мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда. Бұл бағдарламалар инфрақұрылымды дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру және ішкі нарықты қолдауға бағытталған.

Қорытынды

Қазақстанның болашағы – бәсекеге қабілетті, инклюзивті және тұрақты экономика құрумен тығыз байланысты. «Қазақстан – 2050» стратегиясында көзделгендей, еліміз дамыған 30 елдің қатарына кіруге ұмтылуда. Бұл мақсатқа жету үшін елімізге инновациялық даму, экономиканы әртараптандыру, институционалдық реформалар мен әлеуметтік әділеттілік қағидаларын ұстану аса маңызды.

*Айым СЕРІК,
ЭКО-33 студенті*

Эволюция Конституции Республики Казахстан:

30 ЛЕТ РАЗВИТИЯ

Однако уже в первые годы стали очевидны недостатки нового Основного закона. Конституция Республики Казахстан 1993 года просуществовала недолго, так как она не смогла полностью соответствовать новым условиям, в котором оказалось молодое государство и не решила многих проблем. Прежде всего, оставался неясным вопрос о форме правления-президентская это республика или парламентская? Во-первых, как считает С. Зиманов, Президент был объявлен главой государства и гарантом Конституции, однако при этом не были закреплены механизмы ответственности высшей власти, а также не предусматривался порядок роспуска Парламента или отрешения Президента. Во-вторых, полномочия правительства определялась общо, что привело к двойственности его положения, то есть подчинение и Президенту, и Верховному Совету. На местах существовало двоевластие между Советами и назначенными Президентом главами администрацией. Кроме того, принцип разделение властей не был обеспечен конкретным механизмом разрешения конфликтов между законодательной и исполнительной ветвями. Из-за недоработок Конституции 1993 года возникла необходимость не просто внесения поправок, а принятия совершенно нового Основного закона. Для этого в мае 1995 г. при Президенте Республики был создан Экспертно-консультативный совет.

Результатом этой работы стала действующая Конституция Республики Казахстан, принятая 30 августа 1995 года на всенародном референдуме. Этот день вошел в историю как особая дата для граждан страны и с тех пор отмечается как государственный праздник-День Конституции. Перед ее принятием проект Основного закона был широко обсужден среди населения, что придало документу большую значимость. Конституция 1995 года стала основой государственного устройства Казахстана именно она впервые закрепила президентскую форму правления, что позволило решить вопрос, который оставался открытым в 1993 году. Она состояла из 9 разделов и 98 статей, заложив фундамент для стабильного развития.

Однако на этом конституционный процесс не остановился и за 30 лет своего существования она претерпела серьезные изменения, в которые неоднократно вносились поправки и дополнения. Таким образом, Конституционные реформы в Казахстане проходили в 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 годах и в последний раз в 2022 году.

С обретением независимости в 1991 году Казахстан столкнулся с фундаментальным вызовом, а именно необходимостью создать принципиально новую конституционную модель, которая отражала бы суверенный статус государства и его демократические устремления. Конституция Казахской ССР 1978 года, пронизанная советской идеологией, совершенно не соответствовала задачам строительства современного правового государства. В связи с этим была создана специальная комиссия, которая после продолжительной работы подготовила проект первой Конституции суверенного Казахстана, которая была принята Парламентом Республики Казахстан 28 января 1993 года. По мнению Н. Калишевой, это был исторический правовой акт, который по-новому определил основы государственного и общественного строя Казахстана.

Первым этапом стали поправки внесенные в 1998 году, поскольку с развитием общества и политической системы возникла необходимость периодически пересматривать отдельные положения Конституции. Тогда Конституционный закон «О внесении изменений и дополнений в Конституцию РК», внес поправки и дополнения в 19 статей Основного закона. Был увеличен срок полномочий Президента с 5 до 7 лет, депутатов Мажилиса до 5 лет, в Мажилис, состоящий из 77 депутатов, были добавлены 10 мест, а также отменено требование участия в выборах не менее 50% избирателей.

Однако политические процессы продолжали развиваться, что потребовало очередных реформ. Уже в 2007 году была проведена новая конституционная реформа, тогда Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев в своем выступлении 16 мая 2007 г. внес на рассмотрение депутатов Парламента проект Закон об изменениях и дополнениях в Конституцию страны, который был принят Парламентом 21 мая 2007 г.. Тогда в действующую конституцию были внесены поправки и дополнения, во-первых, была усилена роль Парламента, увеличена численность его депутатов. Во-вторых, Ассамблея народа Казахстана получила право делегировать своих представителей в Мажилис и Сенат Парламента согласно установленной квоте. В-третьих, срок президентских полномочий был сокращен обратно до 5 лет.

В период с 2011 по 2017 годы изменения в Конституцию вносились постепенно. В феврале 2011 году, например, были внесены изменения, направленные на установление конституционных основ назначения и проведения внеочередных выборов президента страны. А в 2017 году изменения затронули 25 статей Конституции, в результате чего на конституционном уровне состоялось перераспределение между Президентом, Парламентом и Правительством. Также были уточнены нормы конституционного контроля, регламентирована деятельность судебных органов и прокуратуры, а также

местного государственного управления и самоуправления.

В 2019 году в Конституцию значительных поправок не вносилось, но в этом году произошло важное событие, а именно добровольная отставка Первого Президента Н.А. Назарбаева, после чего в соответствии с Конституцией полномочия Президента были переданы председателю Сената К.Ж. Токаеву. Вскоре были внесены поправки о переименовании столицы Республики Казахстан.

Наиболее масштабные изменения последних лет пришлось на 2022 год, когда поправки в Конституцию вносились дважды: в июне по итогам общенационального референдума и в сентябре для дальнейшего обновления системы власти. Эти изменения затронули работу парламента и избирательного процесса, закрепили принадлежность народу земли и ее недр, вод, растительного и животного мира. Также на конституционном уровне отменили смертную казнь и ввели ограничение, что один и тот же человек может занимать пост Президента только один срок подряд.

Таким образом, за три десятилетия Конституция 1995 года неоднократно изменялась и дополнялась, отражая при этом потребности времени и задачи, стоявшие перед государством. Если посмотреть в целом, то внесенные поправки не просто меняли отдельные статьи, а постепенно формировали современную модель государственного устройства Казахстана. История с мирной передачей власти в 2019 году показала, что основные положения Основного закона действительно работают. Конечно, развитие не остановится—как показывает опыт других стран, конституционный процесс всегда продолжается. Однако уже сегодня можно с уверенностью утверждать, что Казахстан сумел создать прочную правовую основу для своего развития. На сегодняшний день Конституция закрепляет основы президентской республики, усиливает роль парламента и обеспечивает расширенные права граждан и гарантии их защиты.

*А.М. МАХАН,
студент ИСТ-32*

Биылғы шіліңгір ыстық шілде айының басындағы біздің айыр қалпақты ағайын-қырғыз еліне іссапарымыздың әлқиссасы танысудан басталды. **Қырғызстан**, ресми аталымда **Қырғыз Республикасы** – Орталық Азияда орналасқан таулы, мұхитқа шыға алмайтын мемлекет. Астанасы әрі ең ірі қаласы - тұрғылықты 1 миллионнан аса халқы бар **Бішкек қаласы**. Ел конституциясы бойынша **Президенттік басқару нысанындағы мемлекет**. Заң шығарушы органы – **бір палаталы Жогорку Кеңеш парламенті**. Ресми тілдері: **қырғыз және орыс тілі**. Ұлттық мерекесі – **31 тамыз Тәуелсіздік күні**. Ақша бірлігі – **сом**. Әкімшілік аумағы 7 облысқа және республикалық маңызды 2 қалаға (**Бішкек, Ош**) бөлінген. Қазіргі Қырғызстан жеріндегі алғашқы мемлекеттік құрылымдар б.з.д. II ғасырда пайда болған. 1991 жылғы 31 тамызда Қырғызстан өз атауын Қырғызстан Республикасы тұрғысында өзгертіп, тәуелсіздігін жариялады. 1993 жылғы 5 мамырда ел атауы ресми түрде **Қырғыз Республикасы** қалпында өзгертілді. Бүгінгі Қырғызстан Орталық Азияда орналасқан мемлекет ретінде солтүстігінде Қазақстанмен, шығысы мен оңтүстік-шығысында Қытаймен, оңтүстік-батысында Тәжікстанмен, ал батысында Өзбекстанмен шектеседі. Мемлекеттік шекаралары негізінен таулар арқылы өтеді. Геосаяси жағынан алғанда ел аумағы аса маңызды аймақ танылады. Елдің географиялық орнының бұл ерекшелігін НАТО-ға мүше елдер халықаралық терроризмге қарсы күресте маңызды тірек пункті ретінде пайдалануда. Қырғызстанда шамамен **30 мың өзен** бар. Республиканың ең үлкен өзені – **Нарын**. **Ыстықкөл** – Орталық Азияның ең ірі көлі, ол теңіз деңгейінен 1608 м биіктікте орналасқан. Жалпы ауданы 6280 км², ұзындығы 182 км-ге созылған. Пайда болу тарихы жағынан **тектоникалықкөл** саналатын Ыстықкөлдің тереңдігі 702 метрге жетеді. Су көлемі көп болғандықтан, **Ыстықкөл қыста қатпайды**, көл атауы да сонымен байланысты. Көл айналасымен қоса, айрықша қорғауға алынған Ыстықкөл қорығының аумағына енеді. Ыстықкөл жағалауында 100-ден аса демалыс орындары, емдеу-сауықтыру мекемелері орналасқан. Емдеу-сауықтыру мақсатында көлдің шипалы тұзды суы ғана емес, жағалаудағы емдік балшықтар да пайдаланылады. Ыстықкөл қазаншұңқырында минералды бұлақтар да өте көп. **Шолпан-Ата, Ыстық-Ата, Жетіөгіз, Алтын-Арашан шипалы су көлдері** көпшілікке танымал.

Қырғызстан – Орталық Азиядағы бірден-бір мал шаруашылығы басым ел. Ол Қырғызстан жерінің басым бөлігінің таулы болуымен, өңделетін жер үлесі көрсеткішінің төмендігімен түсіндіріледі. **Бішкек қаласы** - Қырғыз Республикасының саяси-экономикалық, ғылыми, өндірістік және мәдени орталығы, елдің ең ірі қаласы. Қала 1878 жылы құрылған. **Қырғызстан - зайырлы мемлекет**. 1989 жылғы қыркүйек айында қырғыз тіліне мемлекеттік статус берілген. 2019 жылғы санақ бойынша қала халқы саны бір миллионнан асқан. **Қырғызстан жаңғақтардың отаны делінеді**. Дүние жүзіндегі ең үлкен жаңғақ және жеміс ормандары Қырғызстанда орналасқан. Көркем Арсланбоб өзенінің аңғарында олар шамамен 600000 га аумақты алып жатыр. Кеңес дәуірінде **Бішкек** бір кездері **Фрунзе** аталған. Бұл ретте кеңес өкіметі қырғыз тілінде «ф» дыбысының жоқтығын ескермей, қала **Фрунзе** аталған. Өз тұсында атақты Ескендір Зұлқарнайынның жолы қазіргі Қырғызстан жерінен өткен. **Ғарышкерлер Жерге жақын орбитада қырғыздың атақты Ыстықкөл көлі адамның көзіне ұқсайтындығын мәлімдеген**. **Қырғызстанда «Ай» гүлінің бірегей эндемикалық кіші түрі өседі**. Бұл жердің атауы да «**Айгүл**» делінген. Оның үстіне «**Ай**» гүлі де **Айгүлташ тауының** бір баурайында ғана өседі, т.б.

2025 жылы 09 шілде күні Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласындағы Қырғызстан Ұлттық Жазушылар одағында ғылым

докторы, профессор, академик, публицист-журналист ғалым Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың «Іскерлік шешендіктану» («Деловая риторика») кітабының тұсаукесері өтті. Кітап тұсаукесеріне Қырғыз Республикасына танымал ақын-жазушылар, ғылым докторлары, журналистер, ұстаздар қауымы қатысты. Кітап тұсаукесеріне белгілі публицист-жазушы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Сулайман Рысбаев** модераторлық жасады. Тұсаукесерде Қырғызстан Республикасы Ұлттық жазушылар одағының мүшелері, ақын **Қайыргүл Жолдошбекқызы**

өзіндік ризашылығын білдірді. Тұсаукесер барысында қазақ-қырғыз елінің бүгінгі кәсіби мамандарының іскерлік тұрғыдағы шешен сөйлеу білік-дағдылары мен жаңа ұрпақтың шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мәселелері туралы сөз қозғалды. **Нәтижеде Қырғыз елінің зиялы қауымы тарапынан профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың «Іскерлік шешендіктану» еңбегіне жоғары баға берілді.**

Осы тұсаукесер үстінде қырғыз-қазақ елі арасындағы жаңа әдеби-мәдени байланысты шығармашылық тұрғыда дамытуға зор үлес қосқаны үшін

шығармашылық импульсінің символы тұрғысындағы мағынаны айқындайды. **«Көңілге келген нұр, Алладан келген ой»** мағынасында түйінделеді. Шынында да **шабыт** өнердің шыңы емес пе. **Бәрінен де еңбектен туған шабыт, рух қымбат!** Шабытсыз ақын сусыз бұлақ деген. **«Шабытсыз ақын - қанатсыз құс»** (Мағжан Жұмабаев), **«Шабыт – ақын жүрегіне құйылған от»** (Сәбит Мұқанов), **«Ақын шабыты – сәуле болып түсетін нұр»** (Жүсіпбек Аймауытов). Шабыт келгенде қалам ұйқтамасы даусыз. Демек, **шабыт** - адамның жан дүниесін ерекше қуанышқа, көтеріңкі сезімге бөлеп,

Қырғыз еліндегі Кітап тұсаукесері



Сыдықанова, ақын Бердибай Қияшбаев, балалар жазушысы Аман Қармышақов, ақын Айгүл Элебесова, балалар жазушысы Жұлдыз Ақаева, романист жазушы Бүбүйра Биялиевна Бектенова, жазушы-ақын Гаарба Күрүчбекович Орозматовтар сөз алып, ғалым еңбегіне

«Іскерлік шешендіктану» еңбегінің авторы, профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев, ең алдымен, «Муза-Эргүү» медалімен марапатталды. «Эргүү» сөзі қырғыз тілінен аударғанда «шабыт» («вдохновение») дегенді білдіреді. «Муза вдохновения» тіркесі

ойы мен қиялын қозғап, жаңа ойлар мен істерге жетелейтін рухани күш. Айыр қалпақты қырғыз бауырлар профессор Абат Сатыбайұлына осы марапатты ұсына келе, **«шабытыңыз шарықтай бергей»** деген ақ тілектерін де қоса айтқандай. **Үздік еңбек тұрғысында бағаланған кітап авторына** аталмыш медальды арнайы **Мәскеуден келген Халықаралық «Рух-Бейне» шығармашылық академиясының президенті Сыдықанова Қайыргүл Жолдошбекқызы** табыс етті. Сондай-ақ кітап авторына **«Насаатчы»** Халықаралық қоғамдық қорының **«Тәлімгер»** («Насаатчы», «Наставник», «Mentor») медалін еларалық ғылым, білім және мәдениетті дамытуға қосқан елеулі еңбегі үшін **аталған қордың танымал өкілі, қыздар арасындағы қырғыз халқының тұңғыш тарихи романист жазушысы Бектенова Бүбүйра Биялиевна** табыс етіп, ғалым иығына қызыл лентасын да қоса тақты. Осы күні **Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің құрметті өкілі, «Болат-Медиа» мекемесінің директоры, «Үш қоңыр» газетінің бас редакторы Болат Батырға** да **қырғыз халқының атақты ақыны Алықұл Осмонов атындағы «Естелік» медалі** табысталды. Аталмыш медальды Алықұлтану орталығының директоры, Алықұл Османов атындағы қоғамдық қордың төрағасы **З.А. Асаналиев** табыстады.

«Іскерлік шешендіктану» кітабы тұсаукесерінің соңы Бішкек қаласындағы қырғыз халқының ардақты ақыны, драматург, аудармашы Алықұл Осмонов мұражай-үйінде жалғасты... Айыр қалпақты қырғыз бауырлар еліндегі шығармашылық іссапар жорығы Шолпан-Ата қаласында өз жалғасын тауып, осы қаладағы **заманамыздың заңғар жазушысы, әлем әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтің мұражай-үйіне** саяхат жасаумен тәмамдалды.

Қысқасы, **«Іскерлік шешендіктану» кітабы – шалқар шабыттан туған еңбек нәтижесі.** Ал шабыт желдің желкенді қозғағанындай, адамның жанын алға сүйреп әкететін қуат емес пе. **Шабыт – шамға құйылған май секілді:** май болмаса, шам жанбайды, шабыт болмаса, шығармашылық тұтана алмайды. Бұл - даусыз тұс! **Сөзіміздің соңында, біз де Махамбет университетінің имиджін еселей көтеруде жарғақ құлағы жастыққа тимей, тыным таппай тер төге еңбек етіп жүрген мінсіз сөзді, кірсіз арлы ақыл иесі профессор Абат Сатыбайұлына шабытыңыз еселене бергей! Қиялыңыз жетпесті көргейсіз! Арманыңыз жетпесті білгейсіз! Аманшылықта, саушылықта жүргейсіз дегіміз келеді.**

Ермек ЖЕМЕНЕЙ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Белгілі ғалым, Батыс Қазақстан ауыз әдебиетін жинаушы профессор М.М.Тілеужанов: «Халқымызда ақын деген ұғым бар. Ол – импровизатор, әнші, әрі айтысқа қатыса алатын өнерпаз адамдар. Фольклорлық текстің алғашқы нұсқасын салған да солар. Ақынға жақын жырау, жыршы, сал, сері, өлеңші, өншілер бар. Бұлардың бәрі – өнер иелері, халық арасында ауызша таралып жүрген фольклор текстерін жағдай, орын, мезгілге байланысты үгіттеушілер, насихаттаушылар, жаңартушылар, көркемдеушілер.

Ал, жырау – көне тарихты жандандырушылар, ерлік дәстүрді тікелей ардақтаушылар, өздері араласқан



көздерімен көрген ерліктерді алғашқы баяндаушылар; көбісі хан, әскер басылардың жанында жүріп, соларға ақыл-кеңес берушілер. Бұлардың репертуары мол болады, білмейтіндері жоқ, бүкіл халық творчествосын бойына сіңірген дана қариялар.

Жыршы деп репертуары онша мол емес, көбіне бірер жырды еркін игеріп, соны ұзақ жылдар халық арасына үйретушілерді айтамыз. Жыршылар әрбір ауылға барып, өзі қалаған жыр текстерін бірнеше күн қона-түстене жатып таратуды өздеріне көсіп санаған. Мысалы, Батыс Қазақстан аймағында кең тараған Қобыланды жырының ең бір көркем нұсқасын Марабай Көлбаев жыршы осылай таратқан. Бұл нұсқаны таратуда ол өз өмірінің 40 жылдай мерзімін жұмсаған. Жырды орындауда әбден машықтанғаны сондай, іркілмей, еркін орындаушы еді, - дейді біз кездестірген соңғы жыршылар. Бұл жыр Марабайдың репертуарындағы ең ұтымды, ең басты, қалаулы жыр екен. Бір жылдың, не бір айдың ішінде ондап, жүздеп қайталағасын, 40 жыл бойында ол шеберленбей, кім шеберленсін. Сондықтан Марабай «Қобыландыны» айтуда әбден маманданған»-деп жазады өзінің «Ел әдебиеті» атты еңбегінде. Осы анықтама ой-пікір бойынша бағамдасақ Марабай суырып салма ақын, асқан жыршы болғанға ұқсайды.

Марабай туралы деректерді көрнекті фольклоршы ғалым, майдангер жазушы, профессор М.Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты еңбегінде келтіріледі.

«Марабайдың ақындық атағы батырлар жырын айтумен шыққан. Ол көптеген батырлық жырлар шығарған. Соның ішінде күрделісі және хатқа түскені – «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» жырлары. Марабай өзінің жырларын осы күнгі Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай облыстарының көп жерлеріне барып, ел аралап жүріп айтқан. Кейде, жырларын сол кездегі шонжарлардың өтінішімен де айтатын болған. Бұл жағдай оның идеялық-творчестволық бағытына әсер еткен. Бір кездерде ол Ыбырай Алтынсариннің шақыруы бойынша Балқожаның аулына келіп, айлап жатып, көптеген жырлар айтқан екен» дей келе Марабайдың өмірі туралы мына деректерді келтіреді:

«Марабай Құлбайұлы 1841 жылдар шамасында бұрынғы Қарашығанақ болысына қарасты Көбен көлі деген жерде туған. (Бұл жер қазір Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданының «Жаңақоныс» колхозы деп аталады) Әкесі Құлбай да, Марабайдың өзі де кедей шаруа болған. Марабай 18-19 жасында-ақ асқан домбырашы атанады. Ауыл арасында өлең айтып жүреді және өлеңді де өзі шығарады. Сол кезде ол атақты ақындардың қасына еріп, олардың жырын тыңдайды, сөз өнерін үйренеді. Кейіннен Марабайдың өзі ақындар айтысына араласады. Сүгір, Көкі, Қарабура Жұмырбай, Базар, Шернияз секілді ақындармен айтысқа түседі. Олармен айтысы сақталмаған. Қарабура Жұмырбайға:

Әкем аты Құлыбай,

Өз атымды сұрасаң,
Оралдан озған Марабай,
Сөз айтпаймын кісіге
Жан-жағыма қарамай... -

деген сөзі сақталған. Марабайдың өзіне ұстаз еткен ақыны Шернияз деседі. Бірақ бұл екі ақынның қарым-қатынасын көрсететін мәліметтер жоқтың қасы. Шернияз (1816-1881) елуге келгенде, Марабай жиырма бестегі жігіт екен деседі.

Марабай 57 жасында (1898 жылы шамасында) қайтыс болған. Оның моласы жоғарыда айтылған «Жаңақоныс» колхозында. Марабайдың: «Есжан, Досқай, Құлқай, Ізбас, Итемген деген бес ұлы болыпты. Марабайдың немере-шөберелері Батыс Қазақстан облысының Теректі, Шыңғырлау аудандарында тұратын көрінеді. Ізбастың баласы Салық Шыңғырлау ауданының Тіксай ауыл советінде председатель болып істеген. Тоғайбай деген немересі «Жаңақоныста» колхозшы көрінеді».

Ғалымның, осы деректерін болашақта Марабай шығармашылығын зерттеуде негізгі басшылыққа алған дұрыс қой деп ойлаймыз. Өйткені М.Ғабдуллин 1947 жылы «Қобыланды батыр» жырын ғылыми зерттеудің проблемалары деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, соның нәтижесінде Батыс Қазақстан облысына бірнеше рет экспедиция шығарып, осы жыр туралы, оның жырлаушылары туралы ел арасынан көптеген материалдар жинаған адам, «Қобыланды батыр» жырын бірінші рет ғылыми айналымға түсірген ғалым.

Марабай ақын туралы алғашқы деректерді ХІХ ғасырда белгілі орыс ориенталист ғалымы, ұлы педагог Ы.Алтынсариннің ақылшы ұстаз досы Н.И.Ильминскийдің «Ыбырай Алтынсарин туралы естелігінен» кездестіреміз:

МАРАБАЙ АҚЫН ЖӘНЕ «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ КӨП ВАРИАНТТЫЛЫҒЫ

«1859 жылдың қысында белгілі ақын Марабайды В.В.Григорьевке айтып, Орынборға алдырдым. Жылы орын, ішер ас бәрін дайындап қойсақ та асқақ әнші-ақын қалада тұрғысы келмеді (степной певец чувствовал себя как птица в клетке и постоянно рвался из города). Қасына Құлыбековты отырғызып қойып, «Ер Тарғын» жырын жазып алдық. Ол асығыс ата қонысына жүріп кетті».

Негізінен Марабай ақынды Н.И. Ильминскийге таныстырған Ы. Алтынсарин еді. Кейін 1860 жылдары Ы. Алтынсарин атақты Марабай ақынның «Қобыланды батыр» жырын жазып алып, жырдың ең көркем, ең көлемді тарауы- Тайбурылдың шабысы суреттелетін тұсын 1879 жылы өзінің «Киргизская хрестоматия» деп аталатын оқу кітабында «Қобыланды батыр мен Тайбурыл» деген атпен жариялайды.

«Қобыланды батыр» жыры төңірегінде кезінде көптеген айтыстар болды. Солақай саясат кесірінен бұл жырды Мergenбай ақын нұсқасына келініп келді. Марабай ақынның аты аталмай қалды. Осы айтысқа нүкте қойған, әділ бағасын берген академик Қ.Жұмалиев еді: «....Қобыландының ең соңғы басылуы – 1957 жыл Дұрысында мұны Мergenбай мен Марабайдың варианттары біріктіріліп шығарылған түрі деу керек.

Батырлардың жеке-жеке ерлік жорықтарымен байланысты туған шағын көлемді поэмаларды біріктіріп, ұзақ көлемді бір жырға айналдырған. Мұны кім жасады, қай кезде жасалды, оған үзілді-кесілді жауап беру қиын. Халық мұрасына айналып кеткен ауыз әдебиетінің өзіне тән бір ерекшелігі де осында.

Марабай варианты баспа жүзін бұрын көрді. Мergenбай варианты деп жүргеніміздің бұл бірінші рет басылуы. Оның көпшілігі бұрынғы Марабай вариантында бар сөз, бар оқиғалар. Бірақ, бұлардың екеуі де бұл эпосты шығарушылар емес, айтушылар. Оларға дейін «Қобыланды батыр» эпосы қалай айтылды, Мergenбай варианты түрінде ме, әлде Марабайдың варианты түрінде ме бұл мәселе де әлі шешілген жоқ. Жалғыз-ақ даусыз қорытынды – ең толық вариант, соңғы айтушылардың құрастырғаны болуы керек.

Талдауға алып отырған «Қобыланды батырдың» бұл варианты өзінің тек толықтылығы жағынан ғана емес, өзінің құрылысы жағынан да шебер жасалған эпостардың бірі.

«....Қобыландысының» 1-бетінен 22-бетіне шейін Мergenбайдікі де, 22-беттен 137-бетке дейін Марабайдың сөзі, ал 138-беттен бастап 169-бетке шейін (32 бет) тағы да Мergenбайдың сөзі. Жырдың көпшілігі – Марабайдың сөздері. Және Марабай варианты баспаға бұрын шығып, халыққа өте көп тарағандығы мәлім. Сондықтан Марабайды қаламның ұшымен мансұқ ете салып, жырдың бәрі Мergenбайға таңу ешбір ғылыми принципке жатпайды» деп әділ шешімін айтып еді.

Кейін «Қобыланды батыр» жырын зерттеуші ғалым профессор О. Нұрмағамбетова осы Қ. Жұмалиевтің ғылыми

пікірін дәлелдеп шықты: «Бұл пікірді дәлелдей түсу үшін Марабай, Мergenбай, Біржан нұсқаларын қатар алып отырып, мұқият текстологиялық салыстырулар жасау арқылы әр нұсқаның өзіне ғана тән сөздерін айқындап көрдік. Негізгі текст (1975) Марабай мен Мergenбай сөздерінің біріккен, бір-бірінен бөлінбес біртұтас текст екенін дәлелдедік. Ол қосудан олардың көркемдік ерекшеліктеріне де нұқсан келіп тұрған жоқ. Дегенмен сол, бір қалыпқа құйылған алтын бұйымның ішінде аракідік Шапайдың өз сөзі де көрініп қалып тұрады. Бірақ ол да онша өрескел болып тұрған жоқ. Бұл ақындардың, жырау, жыршылардың жыр вариантын жасаудағы әрекеті, жанды процесс».

Қазақ халқының шетелдік басқыншыларға қарсы ертеде жүргізген ерлік күресін жырлау идеясынан туған «Қобыланды батыр» жыры жазу өнеріміз болмаған кезде дүниеге келді. Оны талай жыршы-ақындар ауызша айтып, көпшілікке таратты. Осыған байланысты «Қобыланды батыр» жырының бірнеше варианттары дүниеге келіп отырды. Қазіргі таңда «Қобыланды батыр» жырының 30-ға тарта нұсқасы бар. Нақтырақ айтсақ, 29 нұсқасы бар. Мұның 26-сы «Қобыланды батыр» жайындағы жырлар, аңыз-әңгімелер де, 3-і Қобыланды батырдың балалары жайындағы жырлар.

«Қобыланды батыр» жыры рулық-тайпалық дәуірде туып, қалыптасып, ноғайлы дәуірінде кең қанат жайып дамыған, қазақ хандығы тұсында кемелденіп, толысқан эпикалық мұра. Негізгі идеясы – ішкі алауыздықты Майыптап, біртұтас ел болу үшін бірлік пен татулықты ту еткен ерлерді ардақтау.

Бірақ әрбір ақын Қобыландыны өзінше жырлады. Жырды тыңдаушы жұртшылыққа арнаған ақын әр уақытта сол көпшіліктің ықылас орайымен санасып отырды. Егер

тыңдаушы қауым жырды қызыға, ынталана тыңдаса, онда ақын бір айтқанын қайталай бермей, әңгімесін молынан, ұзағынан айтуға бой ұрады, жаңадан оқиғалар енгізеді. Ертеден келе жатқан таныс сюжеттерді, оқиға желісін негізге ала және оларды ретімен пайдалана отырып, жырдың күрделі вариантын тудырады.

Сөйтіп, «Қобыланды батырды» жырлаған әрбір ақын, жырау-жыршы жырдың өздеріне лайықты, ұтымды жерлерін өзгеріссіз сақтап, жырдың тұрақты, айнымайтын өзегін жасаған. Ал, жырға ақын-жыршы қосатын өзгерістер, қосымшалар осы тұрақты, өзекті эпизодтар арқылы, сол эпизодтарды кеңейте жырлау немесе қысқа ғана баяндау, кейде тіпті соған тағы бір қосымша эпизод қосу арқылы ғана жамалап отырған. Оны эпосты жырлаған әрбір кейінгі жыршы-ақындар қосып отырған. Осы салыстырып қарағанымызда және бір көзге түсетін нәрсе- жыршы о бастағы тұтса текстің бірден үйренбесе де, кейін жырлай келе бірінің ұмытқанын өз вариантында екіншісі, оның ұмытқан өте әдемі, ұтымды бөлшегін үшіншісі есінде сақтаған және әрбір дарынды ақын өзі білетін вариантын көркемдік қасиетіне бәсеңдетпей, қайта оны күшейте, әрлей жырлап отырған. Осы салыстыруды қорыта айтқанда, бұл нұсқалардың негізі бар, о баста жырдың алғашқы нұсқасын өте дарынды Марабай сынды импровизатор ақын шығарған, кейін оны әрбір жыршы-жырау бір-бірінен үйреніп, ерқайсысы жырды өз тұрғысында жырлағанмен, жырдың негізгі мазмұны, сюжеттік фабуласы, композициялық тұтастығы берік сақталған.

Қолжазбадағы «Қобыланды батыр» жырының көркемдік ерекшеліктері негізгі текстіміздегі жырдың көркемдік ерекшеліктерінен кем түспейді. Жырдағы оқиғаларды қисынынан келтіре тізбектей айту, бір оқиғадан екіншісін тудыра, өрістете жырлау, шегініс жасамай, үдете түсу- бұл жырдың басты ерекшелігі. Бұл жырлар жеті-сегіз буынды жыр түрімен жырланған, негізгі өлең жолдарының ұйқасы шұбыртпалы ұйқас пен ерікті ұйқас. Оқиғаларды шапшаңдата, түйдектете айтып, тыңдаушының көз алдына жылдамдық картинасын елестету үшін шұбыртпалы ұйқас пен 7-8 буындық өлең құрылысы қолданылған.

Қорытындылай келе айтарымыз, бүгінгі таңда еліміз егемендік алып, тәуелсіздік идеясы ғылыми зерттеулерде өзекті мәселелердің біріне айналғанда, халықтың назын, толғау тебіреністерін шынайы жеткізетін эпикалық шығармалар ғылыми тұрғыдан зерделеуді әлі де қажет етеді. Сол себептен, ел тәуелсіздігін, өз Отанын жаудан қорғау үстінде шығарылған халық шығармалары – батырлық эпостар, оның ішінде Марабай ақын жырлаған осы «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» жырлары тарихи және поэтикалық тұрғыдан әлі де берері мол, жаңалығы шексіз дүние екені даусыз.

Ж.Ж. ШАЙЕКЕНОВ,

М.Өтемисов атындағы БҚУ доценті, ф.ғ.к.

Қазақ әдебиеті ХХ ғасырда өзінің дамуындағы жаңа белестерді бағындырды. Әсіресе кеңестік кезеңдегі әдеби үдеріс — халықтың тарихи тағдырымен тығыз байланысты болды. Бұл дәуірде көркем әдебиет тек эстетикалық құрал ғана емес, қоғамның идеялық-рухани бағыттаушысы, насихаттық мінбері қызметін де атқарды. Осы кезеңде әдебиетке келген қаламгерлер ел өміріндегі саяси, әлеуметтік, тарихи құбылыстарды көркемдікпен бейнелеуге тырысты. Солардың бірі — ақын, прозашы, драматург, аудармашы, публицист Әбу Сәрсенбаев.

Әбу Сәрсенбаев — соғыс шындығын, еңбек адамының болмысын, халықтың өткені мен бүгінін шынайы суреттеген көрнекті жазушылардың бірі. Ол әдебиетке 1930-жылдардың орта тұсында келіп, алғашқыда поэзия саласында танылса, кейін прозалық шығармаларымен де қазақ әдебиетінің көркемдік көкжиегін кеңейткен қаламгерге айналды. Жазушының шығармаларында Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі қалпына келу жылдары, еңбек майданы, адам мен табиғат арасындағы үйлесім, ұлттық болмыс пен кеңестік идеологияның тоғысуы секілді тақырыптар терең қамтылған.

Жазушының «Сенің бақытыңды қорғағандар», «Офицер күнделігі», «Жауынгер монологі», «Батырлардың ізімен», «Толқында туғандар», «Теңіз әуендері» сияқты прозалық туындылары — белгілі бір тарихи кезеңді сипаттап қана қоймай, сол кезеңнің тыныс-тіршілігін, адам санасындағы өзгерістерді, заман талабын көркем образдар арқылы бейнелейтін көрнекті шығармалар болып табылады. Бұл туындыларда уақыт пен кеңістік, адам мен қоғам, идея мен сезім сабақтастығы кең көрініс тапқан.

Кез келген жазушының көркемдік әлемі — белгілі бір тарихи кезеңмен, өмір шындығымен сабақтас. Осы орайда Әбу Сәрсенбаев прозасындағы тарихи-әлеуметтік кеңістік пен кейіпкер болмысы — қазақ әдебиетінің даму бағыттарын, сол кезеңдегі көркемдік танымды айқындай түсетін маңызды фактор. Жазушы шығармашылығын ғылыми тұрғыдан талдау арқылы біз кеңестік кезеңнің әдеби-философиялық табиғатын, эстетикалық танымын, ұлттық рухани кодын тереңірек түсіне аламыз.

Әбу Сәрсенбаев – өмір шындығын көркем шындықпен сабақтастыра отырып, ұлттық және адамзаттық мәселелерді қатар көтерген қаламгер. Оның прозалық шығармалары деректілік пен көркемдікті ұштастыра алғандығымен ерекшеленеді.

Жазушы өмір сүрген дәуір – кеңестік идеология үстемдік құрған, шығармашылық еркіндік шектеулі кезең болғанымен, ол сол уақыттың шындығын жасырмай жеткізе білді.

Әбу Сәрсенбаевтың прозасындағы тарихи кеңістік — белгілі бір оқиғалар тізбегін баяндаудан ғана тұрмайды. Ол кеңістік жазушының кейіпкерлері өмір сүретін, күресетін және өзін тұлға ретінде қалыптастыратын орта. Бұл — ұжымдастыру, индустрияландыру, соғыс және соғыстан кейінгі қалпына келу кезеңдерін қамтитын күрделі әлеуметтік фон. Жазушы кейіпкерлерін сол дәуірдің тарихи, идеологиялық, рухани-мәдени құндылықтарымен сабақтастыра отырып бейнелейді. Бұл — оның шығармаларындағы реалистік сипаттың негізгі діңгегі.

Жазушы шығармашылығының бір

ұрыс даласындағы жеңістің емес, рухани тазалық пен ар-ожданның да жеңісін көксейтін жандар.

Қазақ әдебиетінде сирек кездесетін теңіз тақырыбы — Әбу Сәрсенбаев шығармашылығының елеулі бөлігі. «Толқында туғандар» мен «Теңіз әуендері» атты шығармаларында Каспий теңізі жағалауындағы еңбек адамдардың тіршілігі, олардың табиғатпен, стихиямен күресі, моральдық-рухани бейнесі көркем суреттеледі.

«Теңіз әуендері» романында жазушы тек теңізшілер тұрмысын ғана емес, солар арқылы тұтас бір әлеуметтік қабатты, өндіріс пен қоғамның қарым-қатынасын, жұмысшы адам бейнесінің психологиясын ашады. Бұл туындыда теңіз — табиғаттың бір бейнесі ғана емес, кейіпкердің ішкі дүниесімен, тағдырымен сабақтасқан

ӘБУ СӘРСЕНБАЕВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК КЕҢІСТІК ЖӘНЕ КЕЙІПКЕР БОЛМЫСЫ

арнасы — Ұлы Отан соғысы тақырыбы. «Сенің бақытыңды қорғағандар», «Офицер күнделігі», «Жауынгер монологі», «Батырлардың ізімен» сияқты шығармаларда майдан даласындағы қаһармандық пен қарапайым солдат өмірі қатар суреттеледі. Бұл шығармалар деректі очерк түрінде жазылса да, көркемдік қуаты жоғары. Автор өзі де соғыстың алғы шебінде болған майдангер қаламгер ретінде, сол оқиғаларды көзімен көріп, жүрегімен сезініп жазған.

Мысалы, «Офицер күнделігі» шығармасында майдандағы қазақ офицерінің жан күйзелісі, адамгершілік ізденісі, туған елге деген сағынышы шынайы баяндалады. Бұл шығармалар арқылы жазушы соғысты тек оқиға ретінде емес, рухани-психологиялық күрес алаңы ретінде бейнелейді. Оның кейіпкерлері тек

символдық кеңістікке айналған.

Сәрсенбаев теңіз адамын — табиғатпен біте қайнасқан, қажырлы еңбек иесі ретінде суреттейді. Бұл арқылы ол қазақ прозасына еңбек адамының жаңа типін — теңізші-қаһарманды енгізіп, әдебиетке тың тақырып алып келді.

Әбу Сәрсенбаев прозасының мазмұндық өзегі — адам. Жазушы үшін басты мәселе — белгілі бір оқиғаны баяндау емес, сол оқиға ішіндегі адам тағдырын ашу. Оның кейіпкерлері — заман үні мен рухын бойына сіңірген тұлғалар. Мәселен, «Жазылмаған дастан», «Отыз үшінші көктем» шығармаларындағы кейіпкерлер тағдыры арқылы жазушы ХХ ғасырдың орта шеніндегі қоғамдық өзгерістерді, ауыл өмірін, еңбек адамын, саяси-идеялық тәрбиенің әсерін ашып береді.

Жазушының прозалық кейіпкерлері

— күрделі мінезді, өмірге жан-тәнімен берілген, ішкі толғанысы мол жандар. Олар өз ортасының белсенді өкілі ғана емес, кейде өз заманына сын айта алатын тұлғалар. Бұл тұрғыда Сәрсенбаевтың кейіпкер жасаудағы гуманистік көзқарасы айқын байқалады.

Әбу Сәрсенбаевтың прозасы тіл байлығымен, көркемдік өрнегімен ерекшеленеді. Оның шығармаларындағы теңеу, метафора, ішкі монологтар мен диалогтар шеберлікпен құралған. Пейзаждық суреттеу, символизм элементтері де жазушы стилінің даралығын танытады. Әсіресе теңіз туралы шығармаларында табиғат суреттері кейіпкердің ішкі жан әлемін ашуға қызмет етеді.

Сонымен қатар жазушы прозасында публицистикалық пафос пен эпикалық баяндау қатар өріліп отырады. Бұл оның шығармаларына әсерлілік, танымдық қуат беріп, оқырманды нақты бір тарихи кеңістікке жетелейді.

Әбу Сәрсенбаев – қазақ әдебиетіндегі шыншылдық пен шынайылықты ту еткен, қаламын халық пен ел мүддесіне арнаған көрнекті жазушы. Оның прозалық шығармаларындағы дәуір шындығы – кеңестік кезеңдегі тарихи-саяси оқиғалар мен әлеуметтік өмірді көркемдік тұрғыда бейнелеудің айқын үлгісі. Соғыс тақырыбы, еңбек адамының бейнесі, теңіз тақырыбы және ұлттық болмыс мәселелері — жазушының басты көркемдік нысандары.

Жазушының шығармаларында шынайы кейіпкерлер бейнесі, олардың ішкі психологиялық әлемі, заманмен бетпе-бет келу процесі нанымды суреттеледі. Әсіресе «Толқында туғандар», «Теңіз әуендері», «Сенің бақытыңды қорғағандар», «Офицер күнделігі» сияқты туындылары арқылы автор тек көркем шығарма жазып қана қойған жоқ, сонымен бірге белгілі бір дәуірдің рухани-тарихи шежіресін жасады. Бұл оның жазушылық ұстанымының, көркемдік шеберлігінің және азаматтық позициясының айғағы.

Жалпы алғанда, Әбу Сәрсенбаев прозасы – ұлттық әдебиетіміздің кеңестік кезеңдегі маңызды бір парағы. Ол тарихи шындықты бұрмаламай, сол дәуірдің тар шеңберінде бола тұра, көркем туындыларында адамгершілік, ерлік, патриотизм, еңбекке деген құрмет секілді ұлт руханиятына тән қасиеттерді көркем тілмен бедерлей білді.

Айтолқын ӘЛІБЕКҚЫЗЫ,
*«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының
4-курс студенті*

ЧЕРЕЗ ТЕРНИИ К ЗВЕЗДАМ: Космический путь Талгата Мусабаева

4 августа 2025 года на 74-м году жизни ушёл из жизни Талгат Амангельдиевич Мусабаев — один из самых выдающихся представителей отечественной и мировой космонавтики, заслуженный инженер, лётчик-космонавт, общественный и государственный деятель. Его уход — невосполнимая утрата для научного сообщества, авиационной отрасли и всей страны.

Талгат Мусабаев родился 7 января 1951 года в поселке Фабричный (ныне Каргалы), в Жамбылском районе Алматинской области. Однако, по его словам, настоящая его дата его рождения 7 декабря 1950 г. Его мать при оформлении документов сместила дату рождения на 1951 год, чтобы дать ему ещё год для возможности поступления в институт. В 1968 году с отличием окончил Алматинскую среднюю школу № 58. В возрасте 23 лет он завершил обучение в Рижском институте инженеров гражданской авиации, где получил диплом по специальности «Радиоэлектронное оборудование». Его карьера началась с работы в авиации, где он занял должность инженера и инструктора. В дальнейшем его служба продолжилась в авиации

Казахстана, где Мусабаев проявил себя как высококвалифицированный специалист в области технического обслуживания воздушных судов, а также в политико-воспитательной работе.

Талгат Амангельдиевич совершил свой первый космический полет с 1 июля по 4 ноября 1994 года в качестве бортинженера ТК «Союз ТМ-19» и ОК «Мир» по программе ЭО-16. Во время полета совершил два выхода в открытый космос. Продолжительность полета составила 125 суток 22 часа 53 минуты 36 секунд.

Распоряжением Президента Российской Федерации от 24 ноября 1994 года № 2107 подполковнику Мусабаеву Талгату Амангельдиевичу было присвоено звание Героя России за его выдающийся вклад в подготовку и успешное проведение длительного космического путешествия на орбитальной научно-исследовательской станции «Мир», а также проявленные им во время миссии мужество и героизм.

В 1998 году, с 29 января по 25 августа, космонавт осуществил свой второй космический полет, возглавляя экипаж ТК «Союз ТМ-27» и ОК «Мир» в рамках

программы ЭО-25. За время миссии, длившейся 207 суток, 12 часов, 51 минуту и 2 секунды, ему удалось совершить пять выходов в открытый космос.

С 28 апреля по 6 мая 2001 года состоялся третий космический полет, во время которого космонавт возглавил экипаж ТК «Союз ТМ-32» и стал первым представителем России, посетившим МКС. Продолжительность миссии составила 7 суток, 22 часа, 4 минуты и 8 секунд.

В августе 2003 года он был назначен на должность начальника боевой подготовки Управления армейской авиации. В этом же году Талгат Амангельдиевич назначен заместителем начальника Военно-воздушной инженерной академии имени Жуковского. В конце мая 2005 года занял должность генерального директора совместного российско-казахстанского предприятия «Байтерек». Указом Президента Республики Казахстан Талгат Мусабаев назначен председателем Аэрокосмического комитета Министерства образования и науки Казахстана.

Далее, возглавил созданное указом президента Казахстана 27 марта 2007

года Национальное космическое агентство Республики Казахстан. В 2017 году Указом Президентом Республики Казахстан Мусабаев назначен депутатом Сената. Являлся членом Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности.

Талгат Амангельдиевич Мусабаев — это не только героическая личность, но и человек, чье имя вечно останется в истории как символ мужества, преданности делу, беззаветной любви к своей Родине. Его жизненный путь — это путь к звездам, путь к мечте, наполненный непрекращающимися усилиями, научными открытиями, освоением невесомости и преодолением огромных трудностей. Но, что не менее важно, это также путь служения своему народу, стране, её будущему. Вклад Мусабаева в развитие независимого Казахстана, его участие в становлении космонавтики и укреплении международного имиджа страны невозможно переоценить.

Талгат Мусабаев не просто вдохновил миллионы людей на мечты о космосе. Он стал живым примером того, как с помощью знаний, решимости и воли можно добиться невероятных высот, а также подарил своей Родине уверенность в том, что её космическое будущее будет по-настоящему успешным и ярким.

А.А.КЕНЕСОВ,
студент 4 курса ОП «История»

СТУДЕНТТІК ӨМІР — болашаққа бастар алғашқы қадам

Атырау өлкесінде туып-өскен мен үшін Орал қаласына аттану – жаңа белеске қадам басу болды. Бүгінде мен, Амангелді Нұрдәулет Нұрланұлы, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Тарих, экономика және құқық факультетінде Аймақтану мамандығы бойынша білім алып жүрмін.

Университет табалдырығын алғаш аттаған күн – жүрегімнің ішіндегі мың сұрақпен бетпе-бет келген сәтім. Бірақ бұл — тек оқудың басталуы ғана емес, өз-өзіңді танудың, биіктерге ұмтылудың, нағыз өмірмен беттесудің дәуірі.

Бірінші курс мен үшін жарқын әрі қайшылықты өтті. Академиялық біліммен қатар, өзімді өнер сахнасында сынап, жаңа қырымды аштым. Түрлі шараларға қатысып, поэзия оқып, сахнадан елге ой айттым. Жаңа орта мен жаңа достар — бұл университет маған тек білім ғана емес, өмірдің шынайы дәмін сезінуге мүмкіндік берді.

Бірақ, менің ішімде бір қайшылық бар. Менің қос әлемім бар: мамандық пен өнер. Бұл екі дүние кейде үйлесіп, кейде қақтығысады.

Ал осыны үйреткен менің ортам, университетім, студенттік өмірім.

«Жынды емеспін. Тірімін.»

– Өнер мен мамандықтың арасындағы соққы.

Көбі айтады:

«Мамандық таңдадың ба – тыныш отыр!»

«Аймақтанушысың ба – демек, сахна саған емес!»

«Ертең әкімдікке барғанда өлең оқисың ба?»

«Өнермен ел басқарасың ба? Басың істемейді екен ғой...»

Мен – бір ғана жолмен жүретін адам емеспін. Менің бағытым – көпжолалы. Жанымның ішінде сахна бар, ойымда – елдің картасы. Мен аймақты зерттеймін, бірақ халықты түсіну үшін алдымен оның жанын тыңдаймын. Ал ол — өнерде.

Мені «жынды» дейді. Иә, мүмкін, мен бұл қатып қалған жүйе үшін шынымен жынды шығармын.

Себебі мен тірімін.

Тірі адам — сезінеді.

Тірі адам — сөйлейді.

Тірі адам — күйінеді.

Өрине, студенттік күндер әрдайым тәтті бола бермейді. Кейде ұйқысыз түндер, сынақтар мен емтихандар жүйкені тоздырады. Бірақ дәл осы сәттер тұлғалық қалыптасудың маңызды бөлігі. Шыны керек, кей күндері «мен неге мұнда келдім?» деген ойлар да болды. Бірақ әр сын – шыңдалу, әр қателік – сабақ. Осының барлығын сезіндірген, сынаған, үйреткен, өмірге баулыған студенттік өмірім және менің асыл университетім.

Бүгінгі студент – Z ұрпағының өкілі. Біз гаджетпен өскен, технологияға икемді, ойымыз батыл, көзқарасымыз еркін. Бірақ сонымен қатар дәстүр мен тәрбиені қадірлейтін, рухани байлықты бағалайтын, елінің болашағына бейжай қарамайтын буынбыз. Біздің буын – болашақтың бетпердесі.

Қазір өзімді бақытты студентпін деп толық сеніммен айта аламын. Себебі мен өз орнымды таптым. Бұл университет маған тек білім емес, өмірлік бағыт, мақсат, шабыт пен серпін берді.

Сөз соңында айтқым келетіні: Студенттік өмір – бұл өмірдің өз репетициясы. Ал мен сол сахнада өз рөлімді шын ықыласпен ойнап жүрмін.

Нұрдәулет АМАНГЕЛДІ,
Рег-21 студенті

СОВЕТЫ СТУДЕНТАМ ПЕРВОГО КУРСА: как адаптироваться в университете



Поступление в университет - серьезный и очень важный этап жизни, очень интересный и захватывающий. И сейчас каждый первокурсник согласится, что, впервые оказавшись перед дверью университета, когда он пришел на свое первое занятие, студент испытывает захватывающее чувство, которое не описать... Это чувство осознания ответственности, всплеск интереса и радости, счастья, предвкушение первого занятия, знакомства с одногруппниками и профессорско-преподавательским составом. Первокурсники сталкиваются не только с новыми предметами, но и с новым ритмом, который сильно отличается от школьного. Именно на этом этапе важно адаптироваться, ведь учеба в университете - весомый шаг на пути к мечте.

Во-первых, проявляйте активность и отбросьте страхи. Дорогие первокурсники, не бойтесь спросить у преподавателей то, что вы не понимаете, о чем хотели бы узнать. Проявленная инициативность позволит быстрее адаптироваться, наладить учебный процесс и контакт,

взаимодействие с коллективом. В начале первого курса очень важно узнать об организационных моментах и войти в жизнь университета.

Во-вторых, используйте возможности, предоставляемые университетом. Это поможет студенту углубиться в учебный процесс и облегчить его. Библиотеки, читальные залы - настоящий клад для студентов, ведь книги содержат ценную информацию, которую не всегда легко найти в интернете. Книги помогут легче усвоить материал и подготовиться к семинарам.

В-третьих, участвуйте в студенческой жизни. Попробуйте себя в новом русле: мобилография, студенческое самоуправление, танцы, вокал, спорт, организаторство, волонтерство и не только. Такие занятия помогут раскрыть таланты, отточить навыки и даже научиться чему-то новому. Здесь можно найти новых друзей, единомышленников и внести в свою жизнь новые краски. Участвуя в мероприятиях, вы ощутите себя частью большой команды, семьи.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласынан жасыл қала — Оралға 2024 жылдың тамыз айының соңында қоныс аударып, студенттік өмірге қадам басқан сәтім — мен үшін үлкен бетбұрыс болды. Қазір мен, Ғабдоллақызы Айкөркем, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Тарих, экономика және құқық факультетінде, тарих-қоғамтану мамандығы бойынша білім алудамын.

СТУДЕНТТІК КЕЗДЕРІМ

Жеті жыл бойы сурет бағытымен айналысқаныммен, жүрегім тарихқа жақын екенін түсіндім. Өзімді болашақта басқа қырымнан көргім келді. Әсіресе, түрлі елдердің өркениеті, дамуы, басқару жүйесі мен тарихи өзгерістері маған ерекше қызық. Уақыт өте келе тарихқа деген қызығушылығым күннен-күнге арта түсті.

Тарих-қоғамтану мұғалімі — жай ғана пән оқытушысы емес. Бұл — үлкен жауапкершілік пен парасатты талап ететін мамандық. Мысалы: 1. Тарих пен қоғамтану пәні — оқушыны терең ойлауға, өткенге құрметпен қарауға және қазіргі заманға сыни көзқараспен қарауға үйрететін маңызды сала. 2. Тарих мұғалімі — жай ғана білім беруші емес, ел жадын жаңғыртушы, ұрпақ бойына рух пен ұлттық сана сіңіруші тұлға. 3. Қоғамтану сабағында мұғалім жастарды адам құқықтары, заң, әділет, мемлекет құрылымы сияқты күрделі ұғымдармен таныстырып, саналы азамат қалыптастыруға атсалысады. 4. Оқушыға өз ұлтының өткені мен бүгіні туралы нақты білім беру — ұстаздың басты мақсаты. 5. Тарих пен қоғамтану пәнінің мұғалімі — ел болашағы үшін жауапкершілікті мойнына алған парасат иесі. Студенттік өмір — адамның болашақта мықты тұлға болып қалыптасуына негіз болатын өмірлік маңызды кезең. Бұл — жастықтың ең қызу, ең әсерлі де есте қалатын шағы.

Студенттік шақ — тек білім алу емес, бұл кезеңде адам жаңа ортаға бейімделеді, жаңа адамдармен танысып, өмірлік тәжірибе жинайды. Университет табалдырығын алғаш аттаған сәттен бастап, әр студент жаңа пәндер, оқытушылар және өзіндік жауапкершілікпен бетпе-бет келеді. Бұл — жеке тұлға ретінде қалыптасу уақыты. Алайда студенттік өмір тек дәріс пен емтиханның тұрмайды. Бұл — өз бетімен өмір сүруді үйренетін, шешім қабылдап, жауапкершілікті мойнына ала бастайтын кезең. Бірі қосымша жұмыс істесе, енді бірі шығармашылыққа бет бұрып, түрлі үйірмелер мен жобаларға қатысады. Адам қалаған мамандығын жүрекпен таңдап, сол салада білім алуы тиіс. Өйткені шын сүйіп оқыған мамандық ғана адамды бақытты етіп, қоғамға пайда әкеледі. Маман болу — тек диплом алу емес, ол мамандықты игеріп, оны қоғам игілігіне жарата білу. Мысалы, тарих пәні мұғалімі тек сабақ беріп қана қоймай, тарихтың маңызын терең жеткізіп, оқушыны рухани байыта білуі керек. Дәл осы секілді студенттік кезең де — адамның өмірінде қайталанбайтын, тұлғалық жетілуге мүмкіндік беретін алтын уақыт. Алтын уақыт — адамның ең басты қаруы. Ол қайта оралмайды. Сондықтан әр күніңді, әр сәтіңді бағалай біл. Студенттік өміріңді тек оқуға емес, сонымен қатар белсенділікке, қоғамдық жұмысқа, университет пен факультет өміріне қатысуға арна. Бұл — болашақ өміріңе үлкен тәжірибе болмақ.

Қорытындылай келе, студенттік өмір — бұл тек оқу ғана емес, бұл — өмір мектебі. Бұл кезеңде жиналған тәжірибе, білім және естеліктер адам өмірінде ерекше орын алады. Сондықтан әрбір студент осы уақытты тиімді пайдаланып, әр сәтінен ләззат алуы тиіс. Студенттік кезеңді бағалайық!

Айкөркем ҒАБДОЛЛАҚЫЗЫ,
ЮО-21 студенті

В-четвертых, регулярно посещайте занятия. В университете важно не пропускать без уважительной причины, ведь посещение каждой лекции и каждый ваш ответ на семинаре - необходимое условие для формирования хорошего рейтинга, который зависит от уровня усвоения дисциплины.

Дорогие студенты, адаптация первокурсника к учебе в университете - это процесс, требующий времени и стараний, через который проходит каждый. Поэтому данные советы помогут вам быстрее освоиться и выстроить прочный фундамент для успешного обучения. Помните, что университет - это не только лекции и семинары, а еще и самореализация, открытие новых горизонтов и способностей, весомый шаг на пути к профессии мечты!

Светлана КУЧЕР,
студент ЮР-32

ЖАЗ АЙЫНДА ҚАЛАҮ ДЕМАЛДЫМ?

Мен студент ретінде жаз айларын асыға күтетінім рас. Сабақтар болмайтын кезде мен үшін ең бастысы – демалу, жаңа жерлерді көру және көңілді уақыт өткізу. Осы жазда Ақтау, Атырау, Астана қалаларында демалып, әрқайсысында ерекше әсер алғаным жайлы айтып бергім келеді.

Менің Ақтау қаласына баруым – бұл жаздағы ең тамаша шешімім болды. Ақтау теңізі мені әрдайым қызықтыратын, бірақ жақын арада барып көрмеген едім. Теңіз жағалауының таза ауасы мен жылы суы жазғы демалыс үшін өте ыңғайлы. Теңізде серфингпен айналысып, қайықпен серуендедім, сондай-ақ жағажайда күнге қыздырыну мен үшін керемет болды. Қалада тыныштық және жайлылық бар, бұл демалу үшін өте қолайлы. Ақтау қаласында, әсіресе кешке жағалауда серуендеудің орны бөлек. Ақтау мені табиғатымен таңқалдырды. Жағалаудағы таулар мен теңіздің көрінісі көздің жауын алады. Ақтау мен үшін тек демалудың ғана емес, жанымды тыныштандырудың да мекеніне айналды.

Атырау қаласына барған кезде мен ауылда ата-анаммен бірге уақыт өткізуге шешім қабылдадым. Бұл жерде мен табиғатқа жақын болуды және ауылдың тыныш атмосферасын сезінуді жақсы көремін. Әсіресе, Атыраудағы өзендердің көрінісі мен таза ауасы маған ерекше әсер қалдырды. Достарыммен бірге табиғатта серуендеп, балық аулауға шықтым. Бұл мен үшін өте қызықты және пайдалы болды. Табиғаттың ортасында уақыт өткізу – мен үшін ең үлкен бақыт. Сонымен қатар,

Атырау мен үшін жергілікті мәдениетті танудың да тамаша мүмкіндігі болды. Атыраудың дәстүрлі тағамдарын дәмдеп, қазақтың салт-дәстүрлерімен таныстым. Мұнда өткізген әр сәт өте құнды болды.

Ал Астана қаласындағы демалысым ерекше болды. Қаладағы түрлі мәдени іс-шаралар мен фестивальдерге қатысып, көрмелер мен концерттерге бардым. Астана жазда нағыз мәдениет орталығына айналады. Әр апта сайын жаңа іс-шаралар ұйымдастырылып, қала ерекше жарқырап тұрады. Саябақтардағы өнер көрмелері, ашық аспан астындағы кинокөрсетілімдер немесе елорданың жаңа кафелерінде достармен уақыт өткізу – мен үшін Астанадағы жаз осындай болды. Сондай-ақ велосипедпен қаланы аралап, Астана ЭКСПО аумағында серуендеген өте қызық болды. Қала ішіндегі заманауи ғимараттардың ескі мен жаңа үйлесімділігі ерекше әсер қалдырды. Астанада жаз кезінде түрлі іс-шараларға қатысып, жаңа достар таптым.

Қорытындылай келе, жаз айында Ақтау, Атырау, Астана қалаларында демалып, әрқайсысынан ерекше әсер алдым. Ақтауда теңіз жағасында тыныштық таптым, Атырауда табиғатпен бірлік сезініп, Астанада мәдени іс-шараларға қатысып, өзіме жаңа тәжірибе жинадым. Әр қалада демалу мен үшін әртүрлі болды, бірақ бәрінде де ең бастысы – жақсы көңіл-күй мен жағымды естеліктер жинадым. Жаздың барлық уақытын ұмытылмас етіп өткіздім.

Айым СЕРІҚ,
ЭКО-32 студенті



Менің атым – Айгерім. Мен университеттің 2-курс студентімін. Биылғы жаз айын Түркістан қаласында өткіздім. Бұл мен үшін ерекше әрі ұмытылмас демалыс болды. Түркістан – тек тарихи қала емес, сонымен қатар рухани тыныштық пен жаңа әсерге толы мекен. Жазғы демалыс басталғанда қайда баратынымды көп ойландым. Достарым шетелге баруды ұсынса, мен Қазақстанның киелі жерлерін аралап көргім келді. Осылайша, Түркістанға жол тарттым. Алғаш барған күнімнен-ақ қаланың атмосферасы мені өзіне баурап алды.

Ең алдымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне бардым. Мұнда адамдардың көптігі, бәрінің құрметпен қарап жүргені, тыныштық пен ерекше рухани сезім – мен үшін жаңалық болды. Бұл жерде жүргенде, өзімді ішкі жан

дүниеме үңілгендей сезіндім. Жазғы ыстық күндерге қарамастан, сол маңда серуендеу ерекше ләззат сыйлады. Сондай-ақ Түркістанда жаңадан салынған туристік аймақтарға да бардым. «Керуен-Сарай» кешені маған қатты ұнады. Онда су шоуын тамашалап, заманауи әрі ұлттық нақышта жасалған ғимараттарды араладым. Түрлі дәмханалар мен қолөнер дүкендерінен кәдесыйлар алдым. Бір жағынан демалып, екінші жағынан мәдениетімізді таныдым.

Түркістандағы жергілікті халықтың қонақжайлығы мен жылы қабағы да ерекше әсер қалдырды. Қаладағы тыныш өмір ырғағы мені демалтып қана қоймай, ойлануға да уақыт берді. Интернеттен алыстап, өз-өзіммен болуға мүмкіндік алдым.

Ақтөбеге сапарым есте қалады

Менің атым – Әлихан. Биыл екінші курсымды аяқтап, жазғы демалысымды Ақтөбе қаласында өткіздім. Бұл сапар маған тек демалыс емес, шабыт, тыныштық пен жаңа әсерлер сыйлады. Жыл бойы сабақ пен сынақтардан шаршаған жаным үшін Ақтөбе — нағыз демалыс мекені болды. Алғашқы күні қалаға келген сәттен-ақ мені кең көшелер мен таза ауа қарсы алды. Ақтөбе — ірі әрі заманауи қала болғанымен, өзіндік тыныштығы мен жайлылығын жоғалтпаған. Мұнда табиғат пен урбанизация үйлесім тапқан. Қаланың реттілігі, адамдарының қарапайымдылығы мен қонақжайлығы мені ерекше тәнті етті.

Туған өлкенің тынысы

Бұл менің Ақтөбеге алғаш келуім емес. Бірақ бұл

жолы жай ғана қонақ емес, сол өңірдің өмірін тереңірек танып-білуге ниеттенген саяхатшы болдым. Қаланың орталық алаңы, Өнер орталығы мен Нұр Ғасыр мешіті — бәрі де рухани әрі мәдени байлықтың айғағы іспетті. Ақтөбенің маңындағы табиғи орындарға да арнайы бардым. Әсіресе, Қарғалы өзенінің бойындағы демалыс сәттерін ұмытпаймын. Табиғат аясында кітап оқып, жай ғана тынығып, өз ойыма үңілген сәттер жанымға тыныштық сыйлады.

Жаз – тек тынығу емес

Жаз – мен үшін тек ұйықтап, серуен құрып қана өтетін уақыт емес. Мен бұл уақытты өзімді дамытуға, болашағыма бағыт жасауға жұмсауға тырыстым. Ақтөбедегі қоғамдық кітапханалар мен мәдениет

АУЫЛДАҒЫ ЖАЗ: Соңғы студенттік демалыс

Мен биыл университеттің 4-курсына өттім. Бұл – студенттік өмірімнің соңғы жылы, яғни үлкен өмірге жасаған соңғы дайындық кезеңі. Сол себепті биылғы жазғы демалысты бұрынғыдан өзгеше қабылдадым. Сабақ, диплом, болашақ жұмыс, жауапкершілік – бәрі ойымда жүргенімен, осы жазда өзімді табиғатпен табыстырып, жанымды тыныштандырғым келді. Сол үшін мен демалысымды туған ауылымда өткізуді жөн санадым. Ауыл – менің өскен жерім. Ол – өткенімнің ізі қалған, болашағымның бағыты қалыптасқан қасиетті мекен. Биыл ауылға барғанымда біртүрлі сезімде болдым. Кішкентай кезімде ойнаған көшелер, доп тепкен алаң, көкке қол созған теректер – бәрі де мені бұрынғы бейкүнә шағыма қайта алып барғандай әсер етті. Университетте өткен үш жылдан кейін ауыл маған тіпті ерекше көрінді. Табиғаттың әр дыбысы, әр иісі жанымға таныс болса да, енді оны жаңа көзқараспен қабылдай бастадым. Бұл жолғы демалыс мен үшін – естеліктермен сырласу ғана емес, ішкі оймен үнсіз тілдесу болды. Ауылда демалу – қол қусырып жату емес. Әкеммен бірге егістікте жұмыс істедім, мал жайлауға көмектестім, бақша суардым, тіпті шөп шабуға да қатыстым. Бұрын осындай шаруалардан қашатын мен, бұл жолы бәрін өз еркіммен істедім. Себебі уақыт өткен сайын еңбектің, қарапайым тіршіліктің шынайы маңызын түсіне бастағандаймын. Қарапайым ауыл тірлігі маған сабыр мен шыдамды, еңбектің нағыз қадірін және отбасының шынайы жылуын қайта еске салды. Бұл – қалада жүріп ұмытып бара жатқан құндылықтар еді. Кешкісін ауыл шетіндегі төбеге барып, жұлдызды аспанға қарап ұзақ отыратын болдым. Қалада байқалмайтын осы бір қарапайым көріністің өзі менің жан дүниемді тербетіп, болашақ жайлы көп ойға қалдырды. Менің болашақ мамандығым – ұстаздық қызмет. Алдымда үлкен міндеттер, нақты мақсаттар тұр. Бірақ осы жазда ауылда отырып, мен өз мамандығымды тек табыс көзі ретінде емес, елге пайда әкелетін құрал ретінде көруді үйрендім. Менің ауылымда әлі де шешілмеген әлеуметтік, инфрақұрылымдық мәселелер көп. Бір күні осы жерге оралып, өз білімімді туған өлкеме арнаймын деген ой туды. Бұл жаз – менің студенттік өмірімнің соңғы демалысы болды. Бірақ оны бос өткізуге қимадым. Ауылға барып, өзіммен сырласуға, өткенімді еске алуға, болашағымды саралауға мүмкіндік алдым. Бұл – жай ғана демалыс емес, жан тыныштығы мен рухани өсу кезеңі болды. Енді мен жаңа оқу жылына сеніммен қадам басамын. Болашақ маман ретінде емес, ауылдың иісін, дәмін, ыстығын бойына сіңірген азамат ретінде.

Айару БЕЙБІТҚЫЗЫ,
ҚТӨ-33 студенті

Бұл сапар маған көп нәрсе үйретті. Тек демалған жоқпын, тарихымыз бен мәдениетімізге деген құрметім арта түсті. Түркістанда өткізген уақытым мен үшін тек жазғы демалыс емес, рухани саяхат болды.

Түркістанда өткен жаз айым маған жаңа көзқарас сыйлады. Студент болған соң, демалысымды тиімді әрі пайдалы өткізгім келді – сол мақсатым орындалды. Енді достарыма Түркістанға баруға кеңес беремін. Егер сіз де тыныш, мағыналы әрі әсерлі демалыс іздесеңіз – Түркістан сізге ұнайтынына сенімдімін.

Айгерім ЕРЛАНҚЫЗЫ,
МО-23 студенті

орталықтарына барып, бос уақытымды тиімді өткіздім. Сонымен қатар, волонтерлік ұйымдардың жұмысына атсалысып, жаңа достар таптым.

Туған жердің қадірі

Мен өзім басқа облыстан болсам да, Ақтөбе менің жүрегіме жақын мекенге айналды. Қаланың тарихы мен болашағы, тұрғындарының еңбекқорлығы мен мәдениеттілігі маған үлкен әсер етті. Осында өткізген әр күнім – менің өмірімдегі маңызды беттердің бірі.

Қорытынды

Жазғы демалысым маған жан тыныштығын ғана емес, өмірге деген жаңа көзқарас сыйлады. Ақтөбе — менің жаным демалған, ойым тазарып, болашаққа деген сенімім артқан шаһар. Демалыстың қалай өткені туралы сұрасаңыз – жүрегіммен, жаныммен демалдым дер едім. Ендігі кезекте жаңа оқу жылына тың күшпен, шабытпен оралуға дайынмын.

Әлихан САМАТҰЛЫ,
МО-23 студенті

Ақжайықтың ақ шағаласы Аққұштапқа арнау

Ақ шағала ұшады еркін самғап,
Қонарын қай жағаға өзі таңдап.
Ол бір тегін құс емес шынында да,
Өмір жайлы, өзге жайлы жүр ұрандап

Сол бір құс Ақжайықтың жанына кеп,
Тауысып айта алмастай сырлары көп.
Толқынына қарайды, көзін тастап
«Жырлаймын өзің жайлы, Ақжайық» деп.

Жырлайтын құс емес қой, асылында
Ішінде ақын бейне жасырында
Өзеніне еркелеп, жыр шығарып
Дара туған Ақұштап өз ғасырында

Жазса өлең, туындайды мың өнер
Оған шабыт бірде емес, бір келер
Ой түкпірін түбіне дейін ақтарса,
Мұхиттағы маржан тасқа теңелер

Жырлайды ол туып өскен өзенін
Толғайды іштей, тебірентіп өзегін
Жайық - Ана, ол - бала боп еркелеп,
Жырақ кетсе Ақжайықтан, келер мұң.
Әйел жанын түсінеді...

Аяулым БАҚЫТ,
ҚТӘ-23 студенті

Ұлы Абай

Сөз маржанын терген дана – Ұлы Абай,
Қазақ үшін шырақ жаққан нұрлы Абай.
Өлеңімен, қара сөзбен оятқан,
Қалың елдің жүрегінде тұр мың жылдай.

Заманына сынмен қарап, тіл қатқан,
Текті сөзбен ұрпағына сыр аққан.
«Адам бол!» деп, асыл ойды өсиет ғып,
Өз елінің рухына нұр жаққан.

Мәңгі жасар жырлары – асыл қазына,
Ұрпақтарға жол болар нұрлы қазына.
Абай аты – тарихта алтын әріппен,
Жарық болып қала бер болашақта.

Аяжан АБУХАН,
ҚТӘ-31 студенті

Қадыр ақынға арнау

Қадыр аға, сіз жайлы жазамын жыр,
Өр сөзінде жырымның тұнады сыр.
Сіз өткелі өмірден бес қыс пенен,
Бес көктем ағаштары жарады бүр.

Дәл өзіңдей ақынды көрмедім нақ,
Ұрпағыңа арнаған әр сөзің хақ.
Оқырманың көбейіп келе жатыр,
Соңыңыздан жырлансын дәулет пен бақ.

Ұрпағың еске алады мақтанышпен,
Өн-жырың оқылады сағынышпен.
Қадыр аға, асылы, жақұтысың
Қазақ деген елімнің таусылмас кең.

Сізге арнап жырымды жазамын мен,
Қандай теңеу сіз үшін табамын мен.
Жас ақының жоғалтқан абайсызда
Қазағымның даласы, азасы ма ең?

Туған жерден айналып таптың тұрақ,
Қаншама жыл жүрсең де елден жырақ.
Сізге арналған шаңырақ салынып тұр,
Оралыңда айнадай боп жарқырап.

Өлеңдерің найзағай жарқылдаған,
Ақын болар ұл-кызың артында бар.
Өсиетіңді ұрпаққа жеткізетін
Келеді өсіп ұрпағың, Қадыр аға!

Дильназ ЖАУЫНБАЕВА,
М-21 студенті

Анашым

Анашым, жаным анам,жарық күнім,
Сәулесін шашып тұрар жарықтығым.
Айсыз түнде адасып қалсам егер,
Жолыма шуақ шашар жарық түнім.

Жаным менің, жан баласын тең көрмейтін,
Ешбір жан жүрегінен жібермейтін
Қанша жерден қателесіп кетсең дағы,
Баласына титтей шүбә келтірмейтін.
9 ай құрсағында болған шағым,
Мүмкін, сол бір кезең басыма қонған бағым,
Анамның ақ сүтімен өскен жерде,
Бойыңда, қуатыңда, табылмайма отты жалын.
Жақсы көрді, мәпеледі, сүйіп келді,
Көктен сұрап, қолындағы барды берді.
Тек өзімді емес, айнала толған өзгені де,
Жүрегіме жылу беріп, сүйікті етті.
Айналайын, сұлу жүзді анашым-ау,
Жасыңа жас қосылып барасың-ау
Сонда да сұлу жүзді, анық бейнеңменен,
Жүрегімнен мәңгі орын табасың-ау.
Құшағыңда ұмытылар ойымдағы барлық қайғы,
Ыстық қолың бойымдағы толқуды, жоқты шайды.
Жұп-жұмсақ алақаның қолыма тиген бойда,
Тұла бойым тынышталып, күн сәулесі нұрын жайды.

Ақмаржан ХИМАТ,
ҚТӘ-23 студенті

Сөнбес жарық, мәңгі үн

Өсиет боп қалған бізге даналығы,
Тоздырды-ау қазақтың қаралығы.
Күн болып нұрын шашқан қара сөзбен,
Қазақтың ең биік жаңалығы.

Үйреткен 5 нәрседен қашуды,
Өлеңменен биік шыңға асуды.
Әсемпаз болмай әрнеге,
Надандықты ғылымменен басуды.

Абай ұлы ақындардың бірісің,
Дүйім жұрттың ең үлгілі пірісің.
Сенбей жұртқа тұрса да қанша мақтап,
Сөз сөйлеген, сен халықтың үнісің.

Кетсең де қара жер қойнауына,
Шығыстың кең байтақ жайлауында.
Жаңғырық боп есімің естіледі,
Себепкерсің өлеңнің бойлауына.

Бай мен кедей теңдігін жырлаған,
Сендей ұлы бұл ғаламда бар ма адам?
Қазақтың надандығын бетке басып,
Надандықты өлеңменен қарғаған.

Жаңғыртамыз, паш етеміз тілімізді,
Кетпеген санамыздан білім ізгі.
Абайдай болмасақ та, тырысамыз,
Үндейміз қасиетті жырымызды.

Зауреш СЫДИХОВА,
ИЯ-37 студенті

В чем точно нет смысла
Нет смысла в том, чтоб вечно ждать
Пока ты ждешь — пройдет полжизни
Хоть месяц жди, хоть год, хоть пять,
Ничто не в силах измениться.
Нет смысла в том, чтобы просить
О чем-то по десятку раз
Ведь вы не в силах изменить
Что неприемлемо для вас.
Нет смысла в ласковых речах,
Когда за ними нету действия,
Все будет только на словах —
А правде в них не будет места.
Есть смысл лишь в жизни для себя,
Ведь ты, не веря обещаньям,
И искренне себя любя —
Построишь собственное счастье.

Об этом мире ничего не знаю,
Да и узнать — вдруг мне не суждено
Людей счастливых взглядом провожаю
И понимаю — мне-то не дано
Когда в толпе людей ты одинокий,
Когда все вместе, все, кроме тебя —
Живут, смеются, все в одном потоке
А ты лишь отчужденный от ребят.
Пожалуй, я найду в свободе счастье
Я не надеюсь больше ни на что
Мои желания не в вашей власти

Моя земля

Моя земля — не просто край на карте,
А сердце, что стучит в моей груди.

Здесь солнце встало в первом моём старте,
Здесь корни — и куда б я ни шла, — они.

Здесь ветер видит чувства наперед,
Здесь каждый шаг — как песня в моем сердце
Она поет о том, как мой народ
Свободой и величьем загорелся

Как счастлива я свои дни делить
С великим и прекрасным Казахстаном
И буду до конца я жизни жить
Под голубым, как небо, светлым флагом

Предано

Столько понятий предано, сколько не пересчесть
Столько исчезло медленно, и сколько еще есть —
Они висят на ниточке, и скоро упадут
Тогда довольно темные к нам времена придут.

И кажется, вот-вот удастся что-то изменить
Но с каждым поколением сильнее рвется нить
И кажется, что в наш технологичный век
Сможет преисполниться хоть чем-то человек.

Милена ПОНОМАРЁВА,
студент ИЯ-12

Мне очень скучно

Мне очень скучно
Имею друзей и не общаюсь ни с кем
Вроде, в семье есть разговоры и много тем
Но интрига уже не та совсем

Мне очень скучно. Теснота в огромном пространстве,
Мысль о том, что жизнь навсегда у времени в рабстве...

Вот всегда так. Задумываешься, когда скучно
И в полном одиночестве без погрешностей в точности
Выясняешь все факты и смело ставишь точку

Вокруг столько всего и надо чем-то заняться.
Но будто не успеваю за секундой.
В поиске истин я пытаюсь не затеряться
В координатах любимых, занудных.

Снова эти мысли.
- Да брось ты это всё уже!?
- А что, если я узнаю весь жизненный сюжет?
И буду идти по своему пути, поставив масштабные цели...
А люди не понимают и снова живут обычной жизнью.
Говорить им об этом, кажется, увы, нет смысла

Кстати, смысл. Забыла об этом вообще.
Как можно жить не зная смысла? В целом,
Думаю, здесь помогло бы некое общение
С мудрым человеком, знающий слово ценность.

Комната заполнена раздумьями, догадками
И лишь ответы скрыты. Наверное, с другой загадки
Найдется нам ответ в простом порядке
Так, что это будет, как неожиданный подарок

Гениальная ночь откроет вселенские секреты:
Душа попросит поскорее снять запреты.
Душа захочет из Кипра в Марс на карете.
И нарисует красивые портреты
На намалеванном палитрой мольберте.

Ночной шедевр выше всяких идей.
Когда сердце велит писать
И несмотря на границы, эти творенья
Становится приятно читать.

Под луной спешу постичь все тайны гнилого мира.
Почему, мой милый друг, иногда всё несправедливо?
Причем, так складывается у справедливых.
Какой закон тут применить для объяснений?

Эти сочетания выражений вам ничего не объясняют
И толк от них, по-моему, никто не выясняет.
Но это мои переживания, и их никто не понимает.
Как считают многие, слишком многое в себе совмещаю.
А мысли разлетаются. Но обещаю, я постараюсь,
Но думать не хочу. Мне скучно. Сделаю зарядку.
Через время, я верю, чэ
Всё
Будет
В порядке.
И возможно, тогда мне скучно больше не станет.

Камилла ГУМАРОВА,
студент Фил-33

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издается с 30 января 2016 года



Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
Ахмет Байтұрсынұлы

ЖУРНАЛИСТ

№7 (82), тамыз 2025 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

■ Қазына

АБАЙ СӨЗІ – ҰЛТ БОЙТҰМАРЫ

Өз тұсында Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев “Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан” атты мақаласында халқымыздың біртуар ұлы перзенті Абай Құнанбайұлының мерейтойын лайықты атап өтудің той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін аса қажеттілігін баса айтқан-ды. Мемлекет басшысы Абайға құрметті бүгінгі жаңа ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі тұрғысында таниды.

Абай мұрасы, Абай ілімі, Абайдың өзіндік болмысы, Абайдың сана-сезімі, Абайдың имандылық сырлары туралы тереңнен ой толғау оңай шаруа болып па? Жайдақ қалыпта үстірт айта салуға болар. Онда қайталауға ұрынарың анық. Ақиқаты, Абай тағылымы терең. Әркімнің өз Абайы бар десе те, Абай әлемін тұтас кепіпте, біртұтас дүние қалпында тану оңай олжа емес. Абай сыры тереңде, Абай құпиясы таңғажайып. Анығы, көзіміздің жеткені - Абайдың рухани әлемі тылсым, тұңғыық. Бүгінгі ұлттық құндылықтарды саралау тұсында Абай сынды ойшылдың рухани әлеміне кең тұрғыда үңілу қажет-ақ. Баршаға түсінікті тілмен жеңілдеп айтсақ, Абайдың бізге жеткен рухани мұрасы, яғни, өлеңдері мен қара сөздері көкірегі сезімді, тілі орамды жастарға үлгі, өнеге бермек үшін жазылған. Бұл ретте Абайдың рухани әлемі – жаңа ұрпаққа айқын да басым бағдаршам, бағдар-бағыт сілтеуші. Ойлантатыны - бүгінгі жаңа ұрпақтың сұрағының көптігі, сауалының сансыздығы. Сананың рухани жаңғыруы дейміз, қалай рухани жаңғыруға болады? Нені, нендей қағидаларды басшылыққа алуымыз керек? Жастар жағы философиядан гөрі көбіне нақтылықты қалайды. Ал үлкендер қауымы нақтылықтан гөрі жалпылыққа, философияға түсіп кеткендерін байқамай қалады. Жасыратыны жоқ, жігерлі жастардың жоғарғыдай нақтылы сауалдарына «өйту керек, бүйту керек, түйе үстінде сирақ үйту керек» деп жатады. Шынында да, алақандарына салып бермесек те, нақты не айтуға болады? Кімді, нендей іс-әрекетті өнеге етуге болар еді? Біздің ұсынбағымыз - Абай болмысы, Абай тағылымы, Абайдың рухани өнегесі.

Ойшылдың рухани мұрасы - әлеми заңдылықтарға негізделген құндылықтар көзі. Абайдың рухани мұрасынан әлемдік жалпы заңдылықтармен үйлесімділікті көреміз. Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас темірқазық іспетті. Сананың рухани жаңғыруына қатысты жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай данышпан әлдеқашан айтқан. Дау жоқ, Абай ғұламаны түсіну үшін ұғым қажет. Сонда рухани жаңғыруға қатысты жан қинап жүрген қай күмәннің де күллісіне жауап таба аламыз. Бұл ретте сұңғыла Абайдың рухани мұрасы - әрбір тұлғаның дұрыс жетілуіне көпір боларлық бағдарламалық көшенді ойлар. Олай болса, Абай мұрасын қазақ халқының рухани өмірінің, бүгінгі жаңа ұрпақтың рухани жаңғыруының күре тамырына айналдыра білуіміз қажет. Туғанына 180 жыл толған Абай сынды ұлы ойшылымыздың жазған туындыларын, түйген тұжырымдарын қазақ халқының күнделікті өмірінің кодексі ретінде пайдалануымыз керек. Сонда еліміздің күллі саяси-әлеуметтік өзгерістерінде ұлы Абайдың ілімі ешбір мұқалмай, қайта сол саяси өмірдің іргетасына айналып, жаңаша құбылып отырмақ. Нәтижеде бүгінгі қазақ елінің қарқынды өркендеу екіпінін еселене үдей түскенінің куәсі боламыз. Демек, Абай – қазақ халқына айқын жол көрсетер, бағыт сілтер шамшырағы. Бүгінгі даусыз мәселе - Абай сынды ғұламаның терең де тұңғыық ойларын еркін түсіну, бойға сіңіру үшін жаңа ұрпаққа дұрыс түсініктеме беру қажеттігі. Кемеңгер ойшылдың рухани мол мұрасын бүгінгі, кейінгі жаңа ұрпаққа ұғындыру - қасиетті парыз. Абай мұрасы – рухани дүние. Астарына қалай бойлар едіңіз? Ендеше, алдыңғы кезекте, жастарымызға рухани білім беру керек. Ал рухани білімнің өзегі неде? Түптеп келгенде Абайдың ұлылығы, адасқанда бағыт сілтер шырақтығы неде? Ойшылдың дүниетанымының айқын көрінісі «мың жыл жүрсе де дәмі кетпес, баға жетпес» асыл сөздерінің мәні бірікпей «алқаның шашылған моншақ тастары тәрізді шашыраңқы көрінуінің» сыры неде? Тағы да сұрақтар. Осы іспетті сериалды сауал сансыз. Жауап қандай болмақ?

Кемеңгер Абай - біртұтас тұлға. Абай - ой алыбы. Абай ұлылығы - мол рухани мұрасы арқылы күллі болмыс заңдылығын біртұтас толық қамтуында, көктегі Темірқазық жұлдызындай өміріміздің адастырмас межесі бола алуында. Абай мектебі – тағылымды өмір мектебі. Сол себептен де, Абайдың хакімдік тағылымы шоғырланған қарасөздеріндегі түбі терең түйдекті түйіндері көкейге қонады, көңілге жағады.

Бүгінде бірегей ірі тұлғаларымызды Абай өнері деңгейімен бағалауымыз, шынайы шығармашылық биіктікті Абай биігінен қарауға ұмтылысымыз қуантады. Ендігі кезекте Абайдың хакімдік мұрасынан, нәрлі рухани бұлағынан халықтың су-сынын мейлінше қандыруды әркез жадымызда тоқып, есте ұстауымыз керек. Егер де адам мақсатына рухани жағынан өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді десек, кімде-кім әуелі білім алу арқылы білместіктен арылу қажет. Демек, осы арнаға баса акцент берсек, әркімнің өз бақытын өзі жасауы кеміл.

Абай - рухани бай тұлғаның моделін ұсынушы. Ойшыл, ең алдымен, адам болмысына, адам тұлғасына, «толық адам» формуласына баса назар аударады. *Біздіңше, Абайдың «толық адамы» - адал, ізгілікті, жаны жақсылыққа құмар, өз ісіне сенімді, ширақ қимылды аса зерек жанның сипаттамасы.* Бұл тұрғыда «толық адам» тұжырымдамасы, шындап келгенде, адам іс-әрекетінің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы тиістілігі әбден қолдауға лайық.

Абай данышпан айтады: *Білгейсін, «мақсат алыс, өмір шақ».* «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым,



ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық» деп. *Ой алыбы «ақыл – жан қуаты, ақыл - жүректің суаты» дей келе, «адам ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылық жоқтығынан азады».* *«Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт себеп бар: бірінші – көкірегі байлаулы беріктік, екінші – ғибратлану, тұшынып, ынтамен ұғу, үшінші – бірнеше қайтара ойланып, көңілге бекіту, төртінші – ойдың кеселді нәрселерден қашық болуы керек»* деп пайымдайды.

Абайша ой сабақтасақ, «көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел». Қашан да «біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесен, істің бәрі бос» болары аян. *Бұл жолда «қайратсыз ашу - тұл, тұрлаусыз ғашық – тұл, шәкіртсіз ғалым –тұл».* Түзелмес түзу сөзге қайдан сенсін?! Рухани білім қорын көкіректе молынан жинауда адам баласы уайымсыздық, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, қайғыға салыну, құмарға берілу секілді ой кеселдерінен аулақ болғанға не жетсін! Демек, ғұлама айтқандай, естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісінің өзі де есті боларына құлақ қояр болсақ, жоғарғыдай ақиқатты негізге ала жасалған тұжырымдар Абай сынды кемеңгердің тұлға көкірегіне рухани сәуле түсіруші, көңіліне сенім ұялатушы екендігі тұрғысындағы түйін түйге жетелері анық. Олай болса, сөзсіз Абай мұрасы – рухани кемелділік өзегі секілді қасиетті құндылық көзі.

Ғұлама Абай бүгінгі жаңа ұрпақтың рухани білім қорының мол болуын қалайды. Бұл ретте рухани кемеңгер айтады: *Сезгейсін, «жастықта көкірек зор, уайым жоқ». Десек те, «жүректі қозғайтын жастықтың оты емес пе?!»* Асылы, *«надан ел қуанбас нәрсеге қуанады, ұялмас нәрседен ұялады».* *Біле білсек, «үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек».* *Сол сияқты «күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: олар надандық, еріншектік, залымдық».* *«Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі содан шығады».* *«Адам баласының ең жаманы - талапсыз».* *«Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас».*

«Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп адам саумақ – өнерсіз иттің ісі». *«Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыт болады».* *«Көрсекызарлықпен, жеңілтектіпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады».* Олай болса, *«қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме; қызық келсе қызықпа, оңғаққа ерме»* деп. Мықты болсаң, ойланбай гөр!.. Ойланбақ түгілі, жаның жай тауып қалары сөзсіз! Бұл құбылысты рухани білімнің сіздің көркірегіңізге сәуле кейпінде еніп ұялауы тұрғысында қабылдайсыз.

Абай дананың сіз бен біз тамсана оқыр бір дәмді сөзі *«бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен: елбасы, топбасыларына тоқтай білетіндігі мен намысқойлығы»* тұрғысында өріледі. Сәйкесінше Абай данышпан бүгінгі намысқой, дұрыс сөзге құлақ қояр жаңа ұрпақ өкілдерінің бойына рухани азық болар білім қазынасының молынан қорлануына бірден-бір алғышарт іспетті қасиетті де қастерлі кешенді дағдылар тізбегін ұсынады. Бұл саптағы ойларды қызыға, беріле, көкірегіңе бекіте оқысың, ғибраттана, тұшына, ынтамен ұғуға тырысасың, оқу барысында бірнеше қайтара ойланып, көңіліңе бекітуге ұмтыласың, оқу үстінде ойға келген кеселді нәрселерден қашық болуды жөн көресің... Бұл ретте ой ұстасы Абай айтады: *Ұққайсың, әр кез жадында ұстағайсың, «Үміт ұзу - қайратсыздық».* *«Ішсем, жесем, ұйықтасам - тән құмары, Білсем, көрсем, үйренсем – жан құмары».* *«Адамға ақыл керек, іс керек, мінез керек».* *«Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол».* *«Қолдан келмес іске ұмтыл, азат басың болсын құл».* *«Мақтан кума, керек қу».* *«Мақтау - жел сөз».* *«Жақсы сөз жалын мен отпан жаралады».* *«Тұрлаусыздың қолынан түк келмейді».* *«Ұйқылы-ою ұқпай жатып жалығады».* *«Ойынға ойсыз құмар».* *«Пайда ойлама, ар ойла».* *«Арлану - ақылдының ісі».* *«Кекшіл болма, көпшіл бол»* деп. *Ақырында Ұлы Дала данышпаны: «Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ - бес дұшпаның, білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым ойлап қой – бес асыл іс, көнсеңіз»,- деп түйіндейді.* Бұлар рухани бай адамның бойында болуы тиіс қасиетті де қастерлі толық тұлғаға тән адами биік дағдылар.

Абай дана бүгінгі жаңа ұрпақты иманды болуға баулиды. *Абай айтады: Қағида тұтқайсың, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас».* *«Адамзат - бүгін адам, ертең - топырақ».* *«Өмірдің алды – ыстық, арты суық».* *«Иман – парыз».* *«Иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босамас буын керек».* *«Имансыздың сыртын қанша жусаң да, іші оңбайды».* *«Құдайшылық – жүректе. Қалпыңды таза сақта!»* *«Құдайдан қорық, пендеден ұял: балаң бала болсын десең, оқыт, мал аяма!»* *«Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін отптаған хайуанның бірі боласың; Адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң - Алланың сүйген құлының бірі боласың».* *«Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп еңбек қылсаң, қара жер де құр тастамайды»* деп.

Қысқасы, Абай ілімі – күллі адамзатқа ортақ құндылықтар көзі. Абай мұрасы – адамзатқа қажетті асыл қазына. Бір ғажабы, осыншама баға жетпес рухани нұрдың қадір-қасиетін тани білген ұлттың текті тұлғалары сапынан Мұхтар Әуезов абайтану ғылымының іргетасын қаласа, Әлихан Бөкейханов тұңғыш рет сонау «Семипалатинский листок» газетінде Абай дүниетанымына барлау жасаса, *Ахмет Байтұрсынұлы «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек»* деген. Ұлт санлақтарының бірі Міржақып Дулатов: «Бәлкі, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы айтқан жарық жұлдыз – Абай», - десе, рухани биік деңгейлі ақын Мағжан Жұмабаев: «Шын хакім, сөзің асыл баға жетпес. Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес», - деп, ақын болмысын жоғары бағалаған.

Ал бүгінгі замандасымыз, ХХІ ғасырдың тұлғасы, қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков айтады: «Абайды қалай мақтасақ та, қалай мақтансақ та соған лайық қайраткер. Шын мәнінде Абай – өзінің атасынан кемеңгер, анасынан дана болып, еліне пана болып жаратылған, өз заманынан озық туған ғұлама. Халқының мұңшысы, ұлы ақыны. Қазақ үшін дертті болған, сол дерттен айыға алмай, жан-жарасы жазылмай кеткен, кеудесі қайғы мен қасіретке толған қазақ тарихындағы ең трагедиялық тұлға. Өз ұлтын өркендеген өнегелі елдердің қатарында көруді көксеген ойшыл еді. Қазақ қоғамы, оның болмысы мен келешегі туралы соншама терең толғанған, ұлтының табиғатын, жаратылысын дәл таныған, елі үшін күіппіскен, азапқа да түскен, қасірет шеккен, қазақтың кемшілігін жанға батырып, бүкпесіз ашық айтқан Абайдан асқан тірі пенде болған жоқ» деп.

Демек, Абайдың рухани мұрасын меңгеру – бүгінгі заманауи өзекті мәселе. Біздіңше, Абайдың рухани мұрасы тұлғаның тағдырын өзгертеді. Абайдың рухани мұрасы – тұлғаны түзетудің, тұлғаны түлетудің катализаторы. Әлемдік деңгейдегі ғұламалардан қалған сөз - түйін бар емес пе: *«Ойыңды түзе, сөзіңе айналады. Сөзіңді түзе, ісіңе айналады. Ісіңді түзе, әдетіңе айналады. Әдетіңді түзе, мінезіңе айналады. Ал мінезің - сенің тағдырың»* деген. Әркез жадыда ұстар тұжырым-ау! Олай болса, рухани кемелділік жолында ойымыздың у болмауын, сөзіміздің су болмауын, үмітіміздің бу болмауын тілелік! Ол үшін Абайды оқың! Абай мұрасын тани білсек, қазақ халқының мәртебесі жоғары, ұрпағы бағалы болмақ! Ұлымыз отты, қызымыз текті, беделді бетті болмақ!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

Қоғамдық даму департаментінің директоры, “Ерен еңбегі үшін” медалінің иегері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі; **Бақытгүл ДОСҚАЛИЕВА, Жасмин ҒАЙСА,** филология факультетінің студенттері (Қазақ тілі мен әдебиеті) мамандығы)

ҚУАНЫШТЫ ЖАҢАЛЫҚ!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің мақтанышы, дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқытушысы Байенов Арман дзюдо спортынан шеберлер арасында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында І орын иеленді!

Бұл жеңіс – спорттағы табандылық пен үздіксіз еңбектің нәтижесі ғана емес, сонымен қатар университетіміздің білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, жан-жақты дамыған мамандар даярлау жолындағы жетістігінің бір көрінісі.

Арман Ермеқұлының бұл табысы – жас спортшылар мен студенттер үшін үлкен үлгі. Ол тек білікті оқытушы ғана емес, сонымен қатар кәсіби спортшы ретінде де еліміздің абыройын асқақтатып жүр.

Университет ұжымы атынан Арман Байеновты шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта да биік белестер мен жаңа жеңістер тілейміз! Спорттағы жолыңыз әрдайым сәтті, жеңістеріңіз жемісті болсын!



ОҚУШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары ұрпақ тәрбиесінің негізі болып табылады. Ұлттық құндылықтар – халықтың болмысын айқындайтын, рухани байлығын сақтайтын және жас ұрпақтың бойына ізгілік пен адамгершілікті сіңіретін өмірлік бағдар. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде оқушыларды тек ғылымға, білімге үйретіп қана қоймай, олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру басты міндеттердің бірі болып отыр. Өйткені, ұлттық болмысынан ажыраған жас ұрпақ тамырынан қол үзген ағаш тәрізді, болашақта қоғамға да, өзіне де пайдасы шамалы болуы мүмкін. Университетімізде жаңадан ашылған «Кітапханалық-педагогикалық қызмет» білім беру бағдарламасындағы «Оқушыларды тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды қолдану әдістемесі» атты пәнді өткізу – білім алушыларға ұлттық құндылықтарды әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған рухани және мәдени құндылықтарын дәріптеп жеткізу болып табылады. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз. Бұл пәннің мақсаты:

- ұлттық құндылықтардың мазмұны мен түрлерін саралау;
- қазақ халқының салт-дәстүрлері мен тәрбиелік мұрасын білім беру жүйесіне ендіру жолдарын қарастыру;
- тәрбие үрдісінде ұлттық құндылықтарды қолданудың әдістері мен тәсілдерін меңгеру.

Оқушыларды тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды пайдалану ең алдымен отбасынан бастау алады. Баланың алғашқы ұстазы – ата-анасы. Отбасында ұлттық дәстүрлердің сақталуы, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, қонақжайлылық, адалдық сияқты қасиеттер бала бойына ерте жастан сіңіріледі. Білім ордасы – осы

құндылықтарды жалғастырып, дамытуға жағдай жасайтын орта. Оқытушылар сабақ барысында халық ауыз әдебиетін, мақал-мәтелдер мен аңыз-әңгімелерді, ұлттық ойындарды қолдану арқылы оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтіп, олардың мәдени тамырына деген мақтаныш сезімін арттыра алады.

Мәселен, әдебиет сабағында Абай, Жамбыл шығармаларын оқыту арқылы ізгілік пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу; тарих сабағында қазақ батырлары мен хандарының ерлігін мысалға ала отырып, оқушылардың патриоттық сезімін қалыптастыру; еңбек пен технология сабақтарында



Сонымен қатар ұлттық құндылықтарды қолдану тәрбие жұмыстарында айрықша рөл атқарады. Білім ордасындағы мерекелік іс-шараларда Наурыз мейрамы, Тәуелсіздік күні, Республика күні секілді мерекелерді атап өту оқушылардың елге деген сүйіспеншілігін, туған жерге деген құрметін қалыптастырады. Осындай ортақ шараларға қатысқан студент өз халқының мәдениетін бойына сіңіріп, ұлттық рухты терең сезінеді. Бұл олардың азамат болып қалыптасуына ықпал етеді. Ұлттық құндылықтарды сабақпен байланыстырудың тағы бір жолы – пәндік оқытуда ұлттық элементтерді кірістіру.

қолөнер бұйымдарын жасауға баулу арқылы ұлттық мұраны құрметтеуге үйрету – мұның бәрі оқушының жан-жақты тұлға болып жетілуіне ықпал етеді. Оқушыларды тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды қолдану олардың жеке басының ғана емес, тұтас қоғамның дамуына оң әсерін тигізеді. Себебі, ұлттық рухы биік, тарихын қадірлейтін, мәдениетін құрметтейтін ұрпақ қана елдің болашағын баянды ете алады. Мұндай тәрбиенің нәтижесінде оқушы тек жақсы маман болып қана қоймай, елін сүйетін, дәстүрін дәріптейтін, қоғамда өз орнын таба білетін азаматқа айналады.

Ұлттық құндылықтарды қолдану – тәрбиенің басты арқауы. Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі елдің тұтқасы. Сондықтан білім ордасы мен отбасының басты міндеті – оқушыларға ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, олардың рухани дүниесін байыту. Ұлттық тәрбиені негіз еткен білім мен тәлім ғана жас ұрпақты толыққанды, елжанды, жауапты азамат етіп қалыптастыра алады. Бұл – әрбір оқытушы мен ата-ананың ортақ парызы.

Альбина АХАНОВА,
филология факультетінің тәрбие ісі бойынша декан орынбасары, «Тіл, әдебиет және ақпарат» БББ оқытушысы, магистр

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

**М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университеті.
Газет айына бір рет шығады.**

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №КЗ27VPY00033105 куәлігі берілген.
Таралымы 800. Тапсырыс № 565

РЕДАКТОР: Мейірман ЖАНҒАЗАҚОВ

ТІЛШІЛЕР:

Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, Айым СЕРІК,
Айару БЕЙБІТҚЫЗЫ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
тел.: 50-51-48, 51-41-99

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru